



## «ДЕПУТАТ ТА, МИНИСТР ДЕ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК»

– Нұртай Салихұлы, Парламент Мәжілісіндегі Экономикалық реформа және өңірлер комитетін басқарасыз. Аты айтып тұрғандай, еліміздің бүкіл өзекті мәселелеріне қатысты заң жобалары сіздер арқылы өтетін сияқты. Өткен жылда бірқатар маңызды құжаттар қабылданған болар?

– Жалпы Парламент Мәжілісінде 7 комитет бар. Негізінде олардың әрбірін жеке-дара бөліп алып, жұмысы ауқымды, маңызды заңдар осы комитеттен өтеді деп айту артықтау. Қаралатын барлық заңдар маңызды болғандықтан, қай комитеттің болмасын жұмысы күрделі, жауапты. Барлық комитеттерде заң шығару үрдісі қызу түрде жүріп жатыр. Десе де біздің комитетте ауылдан авиацияға дейінгі мәселені қамтитын заңдар қаралатынын айту айып болмас. Оның ішінде тұрғын үй, ғаламтор, жол-көлік, экономика, өңірлерді дамыту, жергілікті өзін-өзі басқару секілді маңызды мәселелер бар. Осы бағытта заңдар жасалып немесе қолданыстағы құжаттарға өзгерістер енгізілетін болса, Мәжілістегі Экономикалық реформа және өңірлерді дамыту комитеті бас комитет болып есептеледі. Яғни, ұсыныстардың ең көбі бізге түседі. Өткен жылы еліміздің экономикасы мен әлеуметтік жағдайына қатысты өте маңызды заңдар қабылданды.

– Атап айтқанда...

– Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды қабылдадық. Бұл құжат биыл 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Мұндай заң бұрын болған. Бірақ қоғам болғаннан кейін әртүрлі адами факторлар әсер етіп, сонымен қатар технология да дамып жатқандықтан, заңға өзгерістер қажет болды. Көп жағдайда мәселе заңға емес, оны орындайтын адамдарға байланысты туындайды. Сондықтан Президенттің тапсырмасына сәйкес «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасы дайындалды. Заңның басты мақсаты – мемлекеттік сатып алуды сапалы өткізуге ықпал ететін тетіктердің тиімділігін арттыру. Бұл заң экономика үшін өте өзекті. Тіпті оны республикалық бюджеттен кейінгі маңызды құжат десек болады. Өйткені, осы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң арқылы біз бюджеттің 7,5 трлн теңге қаражатын жұмсауды жүзеге асырады екенбіз. Құжатты ұзақ талқыладық. Соның нәтижесінде сапалы заң қабылданды деп батыл түрде айтуға болады.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ӘЛСІЗ



Еліміздің жолдары сапа талаптарына сай емес. Әсіресе, жергілікті жолдар сын көтермейді. Өйткені, олардың деніне қиыршық, ұсақ тастар мен топырақ төселген. Тек 44 пайызы ғана асфальт-бетонмен қапталыпты. Бірақ соған қарамастан, олардың бәрінің жағдайы қанағаттанарлық деп саналады. Мұның зардабын жол жүргендер көріп жатыр. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында айтылды. Онда депутаттар елдің көлік-логистика әлеуетін дамытуға қатысты Үкімет есебін тыңдап, саланың толғақты мәселелерін талқылады.

## БІР МҮДДЕ

# ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ – БІРЛЕСКЕН КҮРЕС НӘТИЖЕСІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Ол елдің экономикалық тұрақтылығына, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, жалпы барлық маңызды салалардың тиімді қызмет атқаруына тікелей зиянын тигізеді.

Қазақстан бүгінде әділетті мемлекет құру жолында ауқымды реформаларды жүзеге асырып келеді. Осы ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала бермек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын үнемі атап өтіп, құқықтық мемлекет құрудың негізі – заңның үстемдігі екенін айтады. Мемлекет басшысы қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын да ерекше назарда ұстайды.

Жыл сайын «Transparency International» халықаралық ұйымы жариялайтын сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі Қазақстанның осы бағыттағы жетістіктерін көрсетеді.

2023 жылғы рейтингте еліміз 39 ұпаймен 180 елдің ішінде 93-орында тұр. Бұл құқықтық реформалар мен заң үстемдігін орнату бағытындағы шаралардың оң нәтиже бере бастағанын көрсетеді.

Шымкент қаласында да жемқорлыққа қарсы күрес қарқынды және тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қала әкімдігі жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстваралық комиссия түрлі өзекті мәселелерді талқылап, алдын алу шараларын күшейтуге басымдық беруде.

Қазіргі таңда құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы, «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың орындалуы сияқты бірқатар

маңызды мәселелер бойынша оң шешімдер қабылдануда.

Бүгінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында құжат айналымын электронды форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Шымкент қаласы әкімдігі 165 мемлекеттік қызмет түрін ұсынады, оның 148-і (89,6 %) толық автоматтандырылған.

Сонымен қатар, «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларды сүйемелдейтін «Shymkent Invest» фронт-кеңсесінің жұмысы жандандырылып, шағын және орта бизнеске 900-ден астам консультация беріліп, 40 бизнес-жоспар әзірленді.

Білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына ваучерлік қаржыландыру пилоттық жобасы енгізілді. Нәтижесінде 10 305 бала ваучер арқылы балабақшаларға орналастырылып, кезек 90 %-ға жаңарды.

Қаладағы жер саласында қордаланған мәселелерді жүйелі шешу мақсатында сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы қайта құрылып, екі жеке басқарма жасақталды. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін қаланың

геоақпараттық порталы іске қосылды. Бұл портал арқылы бос немесе игерілмеген жер учаскелерін онлайн форматта көруге болады. Жер қатынастарына қатысты 18 мемлекеттік қызмет пен сервистер автоматтандырылған.

Әкімдік тарапынан азаматтарды қабылдау тұрақты түрде жүргізілуде. Биыл 13 жеке және 2 кезектен тыс қабылдау өткізіліп, 467 азаматтың 600-ге жуық мәселесі тыңдалды. Оның 400-ден астамы өз шешімін тапты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жұмыс істейтін «I kotek-109» бірыңғай байланыс орталығы арқылы жыл басынан бері 300 мыңға жуық өтінім қабылданып, олардың 96,6 %-ы шешімін тапты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Қоғамдық ұйымдар, кәсіпкерлер және қарапайым азаматтар бұл жұмысқа белсенді араласуы қажет. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана әділетті әрі жемқорлықтан таза қоғам құра аламыз. Қала тұрғындарының бұл бағыттағы жұмысқа белсенді үлес қосатынына сенім білдіреміз.

**Ғабит СЫЗДЫҚБЕКОВ,**  
Шымкент қаласының әкімі

2-бет




**Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы**

3-бет



**Спортқа бөлінген қаржының қайтарымы болу керек**

8-бет



**Дар алдында**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЕҢ БИІК ШЫҢЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын талқылау мақсатында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге заң факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысты.

Заң факультетінің деканы, доцент Уәлихан Ахатов дөңгелек үстелді ашып, Мемлекет басшысы сұхбатында өте өзекті, әсіресе заң саласына қатысты айрықша мәселелерді қамтығанын айтып өтті. Президент 2024 жыл Қазақстан үшін маңызды жыл болды деп бағалаған. Осы орайда, Мемлекет басшысының сұхбатында көтерілген көптеген өзекті мәселелерге байланысты ғалымдардың ой-пікірін көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.



**Уәлихан АХАТОВ, Заң факультетінің деканы, доцент:**

– Шын мәнінде, соңғы 10 жылда болмаған көрсеткіш, 27 миллион тоннаға жуық астық жинаған диқандарымыздың жетістігі айрықша екендігін атап өткен жөн. Осына астықты кезінде алпауыт держава Кеңес одағы әзер алатын. Биыл елде бидайдың орташа шығымдылығы әр гектарда 16,1 центнерден айналды. Бұдан бөлек 3,2 миллион тонна майлы дақыл (шығымдылығы 10,9 ц/га), 2,9 миллион тонна картоп, 3,9 миллион тонна көкөніс, 2,6 миллион тонна бақша өнімдері жиналды. Үкіметтің көрсетуінше, мол астыққа аграршылардың ерен еңбегінен бөлек, агротехнологияларды дұрыс қолдануы, сапалы тұқымдар, минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді тиімді қорғаудың арқасында қол жеткізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті елімізде шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшелері ашылғанын атап өтті. Осы жерде біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің базасында инженерлік мамандықтар бойынша магистрлерді дайындау үшін Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы және «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылғанын айтып өткеніміз жөн.



**Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор:**

– Мемлекет басшысы былтырғы су тасқынына байланысты атқарылған жұмыстарға да тоқталып өтті. Атап айтатын болсақ, апаттан құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігінің ғана емес, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің,

Ұлттық ұланның және басқа да құрылымдардың қызметкерлері, жалпы саны 63 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Соның арқасында көптеген азаматтарды құтқарып, аман сақтап қалдық. Су тасқыны кезінде волонтерлер қозғалысының әлеуеті зор екенін көрдік. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген еріктілер құтқарушыларға жәрдемдесті, гуманитарлық көмек ұйымдастырып, зардап шеккендерге қолдау көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, бірлігі жарасқан ел болып және бір халық болып жұмыла білсек, мұндай апаттарды еңсере алатынымызға бәріміз көз жеткіздік.

Былтыр елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Игі бастама барлық өңірді қамтыды. Бұл акцияға 3,8 миллионға жуық адам қатысты. 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 миллионнан астам көшет егілді. Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімінің өскендігін, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екендігін көрсетеді. Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясын бастау алатындығын, бұл кезекті бір науқан емес, бұл дегеніміз озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екендігін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сұхбатында су қорларын сақтау мен ұқыпты пайдаланудың маңыздылығына да тоқталды. Су – өмірдің қайнар көзі, табиғаттың баға жетпес байлығы. Су ресурстарын тиімді басқару – елдің тұрақты дамуының негізі. Мәжілісте талқыланып жатқан жаңа Су кодексі экожүйені қорғауға және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған маңызды құжат болып табылады. Осы орайда, 2030 жылға дейін су ресурстарын басқаруды дамытудың тұжырымдамасы бекітілгенін атап өткіміз келеді. Тұжырымдамада 42 жаңа су қоймасын салу, тағы 37 су қоймасын қалпына келтіру жоспарланып отыр. Бұл 2 млрд текше метр суды жинауға мүмкіндік береді.



**Гүлнұр РАШЕВА, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD:**

– Қазақстан Республикасының Президенті 3 жыл бұрын болған Қаңтар оқиғасына да тоқталып кетті. Тәртіп орнатуға және ахуалға қатысты батыл шаралар қабылданды. Президенттің тапсырмасына сай құзырлы органдар Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеп-тексерді. Тергеу ашық жүргізіліп, қылмыскерлер жазасын алды. Қаңтар оқиғасынан кейін 3 айдан соң Парламенттік тыңдаудың алғашқысы ұйымдастырылып, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Шын мәнінде, біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз.

Мемлекет басшысы қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ету үшін әділдік пен заң үстемдігін нығайту қажеттілігін атап өтті. Қоғамдағы тәртіп пен заңның сақталуы – мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі. Елімізде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, азаматтардың заңға деген құрметі, сондай-ақ құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеуі – аса маңызды мәселе болып табылады. Сұхбат барысында елдегі құқықтық реформалардың тиімділігі мен олардың қоғам өміріне әсері талқыланды. Әсіресе, құқық қорғау саласының ашықтығы, әділ сот жүйесін дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері қозғалды.



**Қалдарбек ҚУАНДЫҚОВ, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры:**

– Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орнықтыру қажет. Ел Президенті «Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға ірікті салып, түбінде қазақ мемлекетінің жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес», – деп атап көрсетті.

Осы орайда, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түскенін айтып өткеніміз жөн. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қоғамды цифрландыру, оның ішінде жасанды интеллекті ерекше тоқталып кетті. Біріккен Ұлттар Ұйымының рейтингінде Қазақстан E-government-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-орын иеленді. Бұдан бөлек, еліміздегі банктер де адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жеңілдету үшін өздерінің цифрлық экожүйесін қалыптастырып жатыр. Қазақстаннан экспортталатын IT қызметтер саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Astana Hub табысты жұмыс істеп тұр. Бұл технопарк бір жарым мыңнан астам компанияның басын біріктіреді. Оның үштен біріне жуығы – шетелдік компания. Осылайша, еліміз жаһандық цифрлы көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналып келеді. Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі ең ірі цифрлы хабтың бірі бола алады. Оған мүмкіндігіміз толық жетеді. Ол үшін жасанды интеллект технологияларын дамыту керек.

Қорыта айтқанда, біздің ойымызша 2025 жылдың 3 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты елімізге терең ой салу және биылғы жылғы жұмыстарға тың серпін беру үшін жасалған арнайы үндеу деп білеміз! Ел Президенті бәрін де тиянақтап, көпшілікке тайға таңба басқандай етіп түсіндіріп берді. Енді тек осы үлкен де жауапты міндеттерді орындау ғана қалды. Ол үшін әрбір қазақстандық «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла еңбек етуі керек!

**Т.ИБАШЕВА, «Заң газеті»**

ТАҒАЙЫНДАУ

## ЕРЛАН СӨРСЕМБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРІ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Азамат Есқараев Әділет министрі лауазымынан босатылып, оның орнына бұл қызметке Ерлан Сәрсембаев тағайындалды. Ерлан Жақсылықұлы Сәрсембаев 1975 жылы Алматы облысы Талғар ауданында дүниеге келген.

1997 жылы Алматы энергетика және байланыс институтын «Радиоинженер» мамандығы бойынша, ал 2000 жылы Д.Қонаев атындағы гуманитарлық университетті бітірген. 2002 жылдан 2005 жылға дейін Премьер-Министр кеңсесінің қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің кеңесшісі, сектор меңгерушісі қызметін атқарды.

2005 жылдан 2011 жылға дейін Сенат аппаратында жұмыс істеді. Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимыл жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени даму комитетімен өзара іс-қимыл жөніндегі бөлім меңгерушісі лауазымдарын атқарды.

2011–2016 жылдары Ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет атқарды. Онда Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) Заң департаменті бастығының орынбасары және бастығы лауазымдарын атқарды.

2016–2017 жылдар аралығында Парламент Сенатының аппаратына қайта ауысып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетімен өзара іс-қимыл бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

2017 жылдан 2019 жылға дейін Сенат аппараты басшысының орынбасары болды.

2019–2022 жылдары Сенат аппаратының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимыл жөніндегі бөлімді басқарды.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Конституциялық Соттың судьясы болып жұмыс істеді.

**Ақорданың баспасөз қызметі**

АЙМАҚ

## КӨМЕК СҰРАҒАНДАР ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Абай облысының полициясы мен дағдарыс орталығының бірлескен шараларының арқасында 154 отбасы көмек алды.

Облыстың дағдарыс орталығы зорлық-зомбылықты бастан кешірген әйелдер мен балалар үшін нағыз тірек болды. Бір жыл ішінде бұл жерден 154 отбасы көмек алып, 46 тергеу шарасы өткізілді. Орталық қауіпсіз баспанадан бастап, білікті психологиялық көмекке дейін көрсетеді.

– Біздің мақсатымыз – зардап шеккендерді қорғау және қайғылы оқиғалардың алдын алу, – деп атап өтті дағдарыс орталығының жетекшілері.

Полиция мен дағдарыс орталығының бір жыл бұрын басталған тиімді ынтымақтастығы шарасыз жандардың өмірін сақтап қана қоймай, қоғамда зорлық-зомбылыққа орын жоқ деген сенімді нығайтады. Сонымен қатар бір жыл ішінде Абай облысында отбасылық зорлық-зомбылықтың 79 жағдайы, әйелдерге қатысты 2015 құқық бұзушылық және жасөспірімдерге қарсы 117 қылмыстық іс анықталды. Соның нәтижесінде 2720 қорғау ұйғарымы шығарылып, 316 құқық бұзушы жауапқа тартылды.

**Е. КЕБЕКБАЙ, Абай облысы**

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА ҚҰРМЕТ ЖОҒАРЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу мәселелері қаралды. Жиында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай жұмысшы кадрларды қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралардан хабардар етті.

Әкімнің айтуынша, Маңғыстау облысында жұмысшы мамандықтар жылын өткізу туралы іс-шаралар жоспары бекітіліп, өңірлік штаб өз жұмысын бастаған. Жоспарда 2025–2026 жылдары колледждерде оқу-зертханалық ғимарат ашу, халықаралық салалық аккредиттеуден өту, «DostiSkills–2025» халықаралық салалық чемпионатын өткізу, жаңа идеялар хакатонның өткізу, IT хаб ашу, жұмыс беруші қаражаты есебінен құзыреттік орталықтарын ашу, жұмыс берушілердің нақты тапсырысы бойынша мақсатты білім беру тапсырысын ұлғайту, 2 жаңа мамандық ашу іс-шараларды өткізу назарға алынған. Бұл жұмыстарға бюджеттен 142 млн теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарланған.

Нысаналы қаржыландыру шеңберінде Есенов атындағы университет Маңғыстау облысының жаңа кәсіптер мен құзыреттіліктер атласын жасау бойынша жұмысын жалғастырмақ. Осы жылға құрылыс, энергетика, логистика салаларына басымдық беріліп отыр. Қазіргі таңда Атласқа сәйкес техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының білім беру бағдарламалары бойынша микробіліктіліктерді жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

2024–2025 оқу жылына 65 мамандықтың 92 біліктілігі бойынша 5615 орынға (90%) мемлекеттік білім беру гранты бөлінді. Оның ішінде 70 жұмыс беруші мен колледж арасында келісімшарт негізінде нақты сұранысына сәйкес мемлекеттік білім беру грантына 580 студент қабылданды.

**Ж. ӘБІЛОВА, Маңғыстау облысы**

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТҮРҒЫН ҮЙ БЕРУДЕН КӨШ БАСЫНДА

Жетісу облысында тағы 105 отбасы қоныс той қуанышына кенелді. Жақында Талдықорған және Жаркент қалаларында кезекте тұрған азаматтарға тұрғын үй кілттері табысталды. Атап айтқанда, Талдықорғанда көп балалы 25 отбасына «Береке» коттедж қалашығындағы үйлердің кілті тапсырылды.

Жаңа қоныстанушылардың бірі 7 баланың анасы Гүлнұр Нұрымбетова:

– Бұл менің отбасым үшін үлкен сый болды. Тұрғын үй кезегінде 10 жылдан астам тұрдым. Осы сәтті ұзақ күттік. Біздің отбасымызды қуанышқа кенелткен азаматтардың бәріне шын жүректен алғыс айтамын, – деді.

Жалпы, Талдықорған қаласында кезекте тұрғандарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы

жұмыстар кезек-кезеңмен жүргізілуде. Жыл басынан бері қалада 1283 пәтер берілді. Олар – негізінен жалға берілетін және несиелік тұрғын үйлер. Алдағы 2025 жылы кезекте тұрған тағы 1448 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Ал Панфилов ауданының Жаркент қаласында 80 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңа пәтерлерді әлеуметтік осал топ санаты бойынша кезекте тұрғандар, жетім балалар, көп балалы отбасылар және басқа да санаттағы азаматтар алды. Былтырғы жылы Панфилов ауданында кезекте тұрған 700-ге жуық адам баспаналы болған екен. Яғни, Жетісу өңірі қоныс тойын атап өтуден көшбасында тұр.

**Ш. ҚАРАЕВА, Жетісу облысы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ӘЛСІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталмыш мәселені жиында сөз алған палатаның Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов ортаға салған еді. Нұртай Салихұлы бұл жайтқа қатысты біраз дерек келтірді. Депутаттың сөзінен түйгеніміз, Көлік министрлігінің деректері бойынша жергілікті маңызы бар жолдар 87 пайызы қанағаттанарлық болып саналғанымен, ақиқатында жағдай жоғарыдағыдай. Яғни, жергілікті жерлердің 39 мың шақырымының сапасы мез емес. Бірақ солай бола тұра біздегі өлшемшарттар бойынша қанағаттанарлық болып саналады. Сондықтан жол сапасы дұрыс болуы үшін, оның сапасына қатысты ұстанымдар өзгеру керек. Жиында депутат осыны талап етті. Сабильянов мырзаның айтуынша, сонда ғана жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының нақты жай-күйі туралы біліп, тиісті шаралар қабылдауға болады.

Тағы бір мәселе, мемлекет 100

пайыз қатысатын «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы автомобиль жолдарының ұлттық операторы. Бірақ ол бір уақытта 2 функция атқарады, атап айтқанда, автомобиль жолдарын салу және оларды реконструкциялау, жөндеу мен күтіп-ұстаудың ұйымдастырылу бақысы мен сапасын бақылау. Яғни, ол жолды өзі салып, оны өзі бақылайды екен. Мұндай жағдай Жол активтері сапасының ұлттық орталығында да орын алуда, ол да жобаларға ведомстволық сараптаманы өзі жасап, таңдау түріндегі құрылысқа ұсыныстарды өзі береді және мердігер ұйымдардың жұмысынан кемшіліктерді өзі табады. Бұл мүдделер қақтығысына алып келетін үрдіс. Осы мәселеге назар аударта келіп, Нұртай Салихұлы мемлекеттің стратегиялық міндеттерін іске асыру кезінде бұған жол берілмеуі қажеттігін шегеледі.

Бұдан басқа, жергілікті техникалық қадағалау қызметтері жұмысының әлсіздігі де байқалып отыр.

Олар атқаратын жұмыстардың сапасы наразылық тудырады, техникалық қадағалау функциялары қағаз жүзінде ғана орындалады. Тағы бір мәселе, автомобиль жолдарын бұзатын – ауыр жүк тасымалдайтын машиналар. Бұл жүк көліктерінің салмақ параметрлерін өлшейтін автоматтандырылған станциялардың қажетті санының болмауынан туындап отыр. Елімізде 50-ге жуық автоматтандырылған өлшеу орталығы орнатылған. Шамадан тыс жүктеме анықталған кезде деректер тіркеліп, айыппұл салу үшін уәкілетті органдарға беріледі. Осыған байланысты орындалатын жұмыстар мен қолданылатын материалдардың сапасы бойынша мәселені шешетін уақыт келді. Сондай-ақ орындалған жұмыстардың сапасы бойынша анықталған бұзушылықтар үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігін күшейтіп, автоматтандырылған өлшеу станцияларының санын көбейту керек.

Тағы бір мәселе теміржол тасымалы нарығына қатысты айтыл-

ды. Депутаттардың айтуынша, Қазақстан әлі де бәсекеге қабілетті бола алмай отыр. Теміржол көлігімен тасымалдау үлесінің өсуіне жылдамдықтың төмендігі, тозу дәрежесінің жоғары болуы және ұйымдастырудағы кемшіліктер кедергі болуда.

Сонымен қатар бүгінгі күні жылжымалы құрамды жаңарту қарқыны оның қызмет ету мерзімі мен техникалық жай-күйі бойынша пайдаланудан шығып қалу қарқынына ілесе алмай отыр. Мәселен, 2014–2023 жылдар кезеңінде 928 жаңа жолаушы вагоны келіп түссе, физикалық тұрғыдан тозу себебіне байланысты 969 вагон пайдаланудан шыққан. Әрине, мұның бәрі теміржол көлігін дамытудың негізгі көрсеткіштеріне әсер етеді.

Теміржол желілерінің – 54 пайызға, локомотивтердің – 61 пайызға, вагондардың – 56 пайызға тозуы да байқалады. Қанағаттанарлықсыз деп бағаланған жолдар ұзындығының үлесі жыл сайын артып келеді. Егер теміржол желілерінің ұзындығы 16 мың км астам болса, олардың жартысынан көбі жөндеуді қажет етеді.

Бұдан басқа, бүгінгі күні жолаушы вагондарының 38 пайызы 28 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келе жатқан ескі вагондар. 2012–2022 жылдар аралығында 350 млн теңгеден 650 млн теңгеге дейінгі бағамен «Тальго» шығарған 676 жолаушы вагоны сатып алынған. Қазір бұл зауыт жабылып қалды.

Әуе көлігі саласында да шешімін күткен мәселе көп. Азия мен Еуропа арасындағы жүк тасымалының жыл сайынғы жалпы көлемі 7-8 млн тонна болып отырған жағдайда, біздің әуежайлар 2023 жылы тек 150 мың тонна жүк тасымалдаған. Бұл азиялық бағыттың небары 2 пайызы ғана. Яғни, Қазақстанның жүктерді авиациямен халықаралық тасымалдаудағы үлесі шектеулі. Сонымен қатар әуежай жабдықтары, техникалық құралдары мен инфрақұрылымы ескі және авиа отын құны жоғары. Отандық мұнай өңдеу зауыттары авиакеросиннің қажетті көлемінің 60-70 пайызын ғана өндіреді, ал қалған бөлігі импортталады.

Ұшақтар жетіспейді. Көлік министрлігі әуе көлігімен жүк тасымалдауға ерекше назар аударып, авиакөлік саласын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуі қажет. Бұл мәселелердің айтылуынан кенделік жоқ. Парламент қабырғасында көлік-логистика әлеуетін дамыту мәселелері бірнеше рет көтеріліп, Депутаттардың айтуынша, бұл саланың кем-кетігі түгенделіп, алға жылжуы үшін кешенді тәсіл және сындарлы ведомстваралық өзара іс-қимыл қажет. Тек жұмыла жұмыс істеген кезде ғана сапалы инфрақұрылым құрып, осы бағытқа салынған инвестицияның тиімділігін қамтамасыз етуге болады.

**А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

## СПОРТҚА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛУ КЕРЕК

Қазір әлемнің спорт саласындағы жетекші мемлекеттері 2026 жылы Италияда болатын XXV қысқы және 2028 жылы АҚШ-та өтетін XXIV жазғы Олимпиада ойындарына қызу дайындық жүргізуде.



Төрт жылда бір өтетін бұл дүбірлі додаға әзірлікті пысықтап, кем-кетікті түзеуде мәртебесі жағынан Олимпиададан кейінгі ең ірі байрақты бәсеке саналатын Универсиададан алар орны ерекше. Өйткені мұнда Халықаралық университеттік спорт федерациясының (FISU) ережесі бойынша 17-і мен 25-тің арасындағы жас студент-спортшылар ғана бақ сынайды. Сол себепті төртжылдықтың басты бәсекесінде өнер көрсететін ұлттық құраманы жасақтауда барлық мемлекет Универсиада қатысушыларына ерекше көңіл бөледі. Себебі мұнда топ жарған спортшылар алдағы Олимпиада ойындарының жүлделерінен басты үміткерлер саналады. Ал бізде Универсиада ойындары мен ондағы ұлттық құрамалардың көрсеткен өнері мен нәтижесі назардан тыс қалған.

2017 жылы Алматыда өткен қысқы Универсиадада жарқ етіп көрініп, 11 алтын, 8 күміс және 17 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 2-орын алған Қазақстан одан кейінгі жарыстарда өзінің бұл жетістігін қайталамақ тұрмақ, ондыққа кіре алмады. Мәселен, АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында 2023 жылы өткен XXXI қысқы Универсиадада ұлттық құрама биатлон, шайбалы хоккей (ерлер), шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, трамплиннен секіру, конькимен жүгіру, сноуборд, тау шаңғысы сияқты 10 спорт түрінен қатысқанымен 3 алтын, 4 күміс, 4 қоламен 43 елдің ішінде 11-орынды қанағат тұтты. Бұл жағдай енді 13-23 қаңтар аралығында Италияның Турин қаласында болатын XXXII қысқы Универсиадада қайталануы мүмкін.

Ұлттық құрама сапында мұнда биатлон, шаңғы жарысы, қысқы спорттық бағдарлау, фристайл, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей (ерлер, әйелдер), парашаңғы, тау шаңғысы, шорт-трек секілді 10 спорт түрінен 103 спортшы қатыспақ. Бұл мөлметті Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» баспасөз қызметі таратты. Ал спорт саласы бойынша еліміздегі бірден бір мемлекеттік құзырлы орган саналатын Туризм және спорт министрлігі сайтынан ақпарат іздеген адам оларды

Универсиада ойындарынан мүлде хабарсыз екен деп ойлап қалуы әбден мүмкін. Өйткені онда мәртебесі жағынан Олимпиададан кейінгі бірден-бір ең ірі спорттық жарыс саналатын биылғы қысқы және жазғы Универсиада ойындарына қатысты ешбір мәлімет жоқ.

Біздің спортқа жауапты уәкілетті орган шенеуніктері үшін Универсиада студенттер арасындағы жай ғана шара секілді көрінетін. Сондықтан Универсиадаға қатысты бар жауапкершілікті Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігіне аударып салғаны айқын аңғарылады. Өздері құрлықтық жарыстар мен жекелеген спорт түрлері бойынша өтетін ұлттық, халықаралық және Әлем чемпионаттарынан қолдары босамай жүрген кейіп көрсетуде. Егер спорт саласына және ондағы инфрақұрылымды да-

мытуға бөлінген мемлекеттік бюджет қаржысына көз жүгіртер болсақ, оның көлемі жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Ал оның қайтарымы туралы сөз болса, шенеуніктер барлық сұраққа федерация басшылары жауапты деп, өздеріне еш шаң жуытпайды. Бұл жағдай Парламентте сан мәрте көтеріліп, депутаттар құзырлы министрлік пен Үкімет басшысының атына жолдаған сауалдар мен оған қайтарылған жауаптардан да әрдайым көрініс тауып жүр.

### Заңнаманы жаңартатын кез келді

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында «Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым. Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортына дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын» деген еді. Ал 13 қарашадағы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда бір ауыздан қабылданды.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов өз баяндамасында заң жобасын қабылдаудың мақсаттары: дене шынықтырумен

және спортпен шұғылдану үшін ең төменгі жасты белгілеу, аккредиттелген спорт федерацияларының мәртебесін республикалық және өңірлік федерациялардан ұлттық федерацияларға өзгерту, басым спорт түрлерін қаржыландыру және спорт түрлерін саралау жүйесін алып тастау болып табылатын. Жобаның жаңалығы – басым спорт түрлерін олардың рейтингі негізінде емес, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия және Пара Азия ойындарында ұлттық құрама командалардың өнер көрсету нәтижелері бойынша қалыптастыру екенін айтты. Яғни, заңнамадағы өзгерістерде Универсиада ойындары және ондағы ұлттық құрама командалардың нәтижелері жайлы бір ауыз сөз жоқ.

Депутат Ерлан Саировтың сөзіне қарағанда, Қазақстанның спорт саласында логикаға сәйкес келмейтін қадамдар мен шешімдер өте көп. Сол қадамдардың біреуі Туризм және спорт министрлігінің Қазақстанда 180 спорт түрін тіркеуі болып отыр. «Мысал үшін айтып кетейін. Пенчайк силат, биатл, триатл, петанг, текбол, унифайт деген ешкім білмейтін спорт түрлерін тіркеп, оны бюджеттен қаржыландырудың қажеті қанша деген сұрақ туады. Мысалы, Ұлыбританияда тек 15 спорт түрі ғана тіркелген. Біздің көрші Өзбекстанда 17 спорт түрі тіркелген. Германияда 17 спорт түрі тіркелген». Ал оның әріптесі Максим Рожиннің айтуынша, Қазақстанда жоғары жетістіктер спортына жыл сайын 775 миллион доллар бөлінеді. Салыстыру үшін айтар болсақ, оның көлемі Нидерландыда 41 миллион доллар, Данияда 46 миллион доллар және бұл елдердегі спортшылардың жетістіктері бізге қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл түйткілді мәселенің тамырына көз жүгірткен депутат Елнұр Бейсенбаевтың пайымдауынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің талдау қорытындысы бойынша соңғы бес жылда спортқа бөлінген соманың көлемі 1,4 триллион теңге екен. Бұл қыруар қаражат, көршілес мемлекеттермен салыстырғанда айтарлықтай көп. Одан бөлек біз алдағы үш жылға тағы да 1 триллион 300 миллиард теңгені спортқа бөлуді жоспарлап отырмыз. «Бұл қаражаттың бәрі қайда кетіп жатыр, олардың нәтижесін біз Олимпиада ойындарында, Азия ойындарында, чемпионаттарда неге көрмейміз деген сұрақ туындайды. Оған бірнеше жауап бар. Соның бірі – министрлік тарапынан барлық жергілікті деңгейде басқарудың бірізділігінің жоқтығы. Әкімдіктердегі басқармалардың басшылары министрлікке бағынбайтынын біз жақсы білеміз, өздері шешім қабылдайды. Содан елдің мәселесіне келгенде депутаттардың әртүрлі сын-ескертпелеріне министрліктің жауаптары мардымсыз болып жатады».

Министрлік мәселенің бәрін заңнамадағы өзгерістер арқылы шешеміз деп сендіруге тырысуда. Алайда спортты дамытудың клубтық жүйесі мен оның республикада кеңестік дәуірде қалыптасқан негізгі атрибуттарының жаңғырту немесе бәрін қайтадан жаңадан қалыптастыруға қатысты нақты ұсыныстарын ғана емес, бұл бағыттағы ұстанымды да әзірге көре алмай отырмыз. Яғни, 2027 жылға дейінгі ұшжылдық бюджетте спорт саласын қолдауға қарастырылып отырған 1,3 триллион теңгенің қаншалықты тиімді жұмсалып, оның нәтижелі боларына әзірге ешкім кәсіптік бере алмайды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

### Сіз не дейсіз?

**Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, спорт зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры:**

– Спорт саласын дамыту Олимпиада мен Универсиада ойындарына қатысуға ғана тіреліп тұрған жоқ. Сан мен сапаның арасындағы ашықтықты азайту үшін әлемдік тәжірибені зерттеу керек. Бізде тәуелсіздік жылдары спорт саласындағы мамандандырылған ғылыми-зерттеу институты құрылмай қалды.

Қазір өркениетті елдің бәрі клубтық жүйемен жұмыс жасайды. Біз олардан 20-30 жыл қалып қойдық. Клубтық жүйе – Оқушылар лигасы, Студенттер лигасы, Премьер лига мен Ұлттық лигалардан тұрады. Мектеп лигасы – клубтық жүйенің негізі. Бізде қазір Мектеп лигасы да, Студенттік лига да жоқ, тек Премьер лига мен Ұлттық лига ғана бар.

Әлемге әйгілі спортшыларың көбі бүкіл әлемде студенттер арасынан шығады. Өйткені клубтық жүйенің атрибуттарының бірі – талантты адамдардың микротоптары. Бүкіл әлемде оларға ерекше жағдай жасалады. Бізде мұндай әрекеті көмек жетпейді. Ал бәріне берілетін көмек бұл арада тиімді құрал емес. Сосын бізде үздіктердің үздігін іріктетіп жарыстардың кезеңдері толық жұмыс істемейді. Мектеп және студенттік спартакиадалар өз деңгейінде өтпейді. Республикалық кезең зана бар да, оған дейінгі облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық, мектепшілік, мектептік, сыныптық жарыстардың ұйымдастырылуы әлі күнге дейін көңіл көншітпейді. Мұндай іріктеу болмаған соң, әрине, Олимпиада, Универсиада сияқты дүниежүзілік ең ірі спорт додаларындағы көрсеткішіміз біз ойлағандай жоғары емес.

Дегенмен, «Ештен кеш жақсы» деп министрлік қазір облыстық спорт басқармаларының басшыларын өзі іріктетіп бастады. Бұрын әкімдер қалаған адаммен тағайындап, оның кәсібилігіне көп мән бермейтін. Ал Олимпиада, Универсиада ойындары сияқты ірі спорт жарыстары аяқталған кезде оның нәтижесі бойынша министрлік қана есеп беретін де, спорт басқармалары жауапкершіліктен сырт қалатын. Енді бұл жұмысты ары қарай жалғастырып, клубтық жүйенің өзге атрибуттарын қалпына келтіруге көңіл бөлу қажет деп ойлаймын.

**ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**ЖАҢА МЕЖЕ-МІНДЕТТЕР  
АЙҚЫНДАЛДЫ**

Батыс Қазақстан облыстық сотында облыс соттарының өткен жылғы жұмысын қорытындылау бойынша кеңейтілген кеңесі өтті.



Кеңейтілген кеңес жұмысына облыстық сот төрағасының м.а. Тұрсын Оразова, облыстық соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, соттар әкімшілігі департаментінің басшылығы, қалалық және аудандық соттардың төрағалары мен судьялары қатысты. Батыс Қазақстан облыстық соты төрағасының м.а. Тұрсын Оразова кеңейтілген кеңестің жұмысын аша отырып, қылмыстық, азаматтық және

әкімшілік істерді сапалы қарауға және азаматтардың сотқа деген сенім деңгейін арттыруға баса назар аударды.

Облыстық сот алқаларының төрағалары өз баяндамаларында аудандық және оған теңестірілген соттардың өткен жылы атқарған жұмыстары жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар, БҚО бойынша судья әдеби жөніндегі комиссия төрағасы Айвар Бижановтың баяндама-

сы тыңдалды. Жыл қорытындысын шығара отырып, Т.Оразова сотқа түскен істерді заң талаптарына сай шешуде судьялардың көтеретін жауапкершілігі жоғары екендігін атап көрсетіп, оларға істерді қарау сапасын көтеру және бірыңғай сот тәжірибесін одан әрі қамтамасыз ету бойынша негізгі бағыттарын атап, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу, судья әдеби нормаларын сақтау жөнінде жұмысты күшейтуге қатысты бірқатар міндеттер қойды.

Сондай-ақ, қоғамның сот төрелігіне деген сенімін арттырудың маңыздылығын атап өтті. Сот төрағаларына ескертулер бере отырып, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша жұмысты жандандыруды, сот актілерінің сапасын арттыруды, істерді қарау мерзімдерін кешіктіруге жол бермеуді, заңнама талаптарын, әдеп нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарын қатаң сақтауды міндеттеді.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс соттарымен атқарылған жұмыстарға баға беріліп, алдағы кезеңге тапсырмалар жүктелді.

**Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі**

**МЕРЕЙ**

Желтоқсан оқиғасы тарихымыздың арманы мен айбынға толы айшықты беті, сонау ертедегі бабаларымыздың арман-мұратына жол бастаған жарқын бетбұрыстардың айқын көрінісі.

**ЕҢ БАҚЫТТЫ ЕЛ – АЗАТ ЕЛ**

Әрине, желтоқсан оқиғасын еске алмай, тәуелсіздік жайында сөз қозғаудың өзі мүмкін емес. Осынау елдік намыс пен рухты ту еткен қазақ жастарының батырлығы, ерлігі бүкіл әлемге үлгі болғаны ақиқат. Оны тек желтоқсан айында ғана еске алу жөн емес, қазақ жастарының батырлығы күнде дәріптелетін ерлік. Желтоқсан оқиғасы қазақтың өзі-өзі анық тануына мүмкіндік берді, қазақ халқының ұлттық мақтаныш пен тәуелсіздік туралы ұғымын түбегейлі өзгертті. Еліміздің баға жетпес байлығы тәуелсіздік! Ең құдіретті, ең бақытты ел – азат ел!

Ата-бабаларымыз «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғап қалған, «шапқан аттың тұяғы, ұшқан құстың қанаты тала-тын» мыңдаған шақырымды алып жатқан кең байтақ, ұланғайыр жерді ұрпағына аманат етіп мұраға қалдырған. Ендеше, тәуелсіздік – ұлттың ең басты құндылығы.

Қазір енді тәуелсіздікке қолымыз жетіп, егемен ел болдық, әлем елдері бізді тани бастады. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастыру, әлемге таныту жолында еліміздің іргесін қалап, шекарасын айқындап, халықтың әл-ауқатын арттырып, болашаққа нақты бағдар беруде елімізде көптеген жұмыстар атқарылды. Салиқалы саясатты арқасына, тәуелсіз қазақ елі қалыптасып, тарихымыз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз, тіліміз, дініміз бен діліміз қайта жаңғырып, әлемдік картада «Қазақстан» деген атпен тәуелсіз еліміз қарыштап өркендеп, өсіп келеді.

Қазіргі Қазақстан бақ қонып, қыдыр дарыған, мақсаты айқын мемлекет. Табиғаты көркем де сұлу, ғажайып мекенде өмір сүріп жатқанымызға шүкіршілік етеміз.

**Эльвира ТУЛЕПБЕРГЕНОВА,  
Атырау қалалық соты  
әкімшісінің басшысы**

**ПӘРМЕН**

**МОНОПОЛИЯҒА  
ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдауы барысында агенттік төрағасы ведомствоның бақылау функцияларын орындауы жөнінде, оның ішінде былтыр қабылданған монополияға қарсы шаралардың нәтижелері туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі тауар нарықтарында шоғырлану деңгейін төмендету және «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа сәйкес жекешелендіру бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндалды. Агенттік монополияға қарсы 97 істі тергеп-тексеруді аяқтады.

Марат Омаров бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2025 жылға арналған жоспарды таныстырды. Монополиялық нарықтардағы бағаға бақылауды күшейту, тергеп-тексерулер мен нарықты талдауды тиімділігін арттыру үшін заңнамаға тиісті өзгерістер әзірленді.

Агенттіктің цифрлық экосүйе-

сін құру мен дамыту жоспарланып отыр. Бұл жасанды интеллект технологияларына негізделген ақпараттық-сараптамалық жүйені, цифрлық портал мен талдау құралдарын қамтиды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына Марат Омаров Қазақстан футбол федерациясының президенті ретінде отандық футболдың әлеуетін көтеру және еліміздегі балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау жоспарын таныстырды. Кездесу соңында Президент бәсекелестікті дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»**

**БІЛГЕН ЖӨН**

**МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫҢ  
МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?**

Мемлекеттік баж – уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы 2024 жылғы 4 желтоқсандағы заңға сәйкес, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіші 3 932 теңгені құрады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық кодексінің 610-бабы бойынша сотқа берілетін әкімшілік талап қоюлардан, талап қоюлардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан, сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, мүлктік сипаттағы талап қоюлардан: жеке тұлғалар үшін – талап қою сомасының 1 пайызы, 10 000 АЕК-тен аспайтын мөлшер; заңды тұлғалар үшін – талап қою сомасының 3 пайызы, 20 000 АЕК-тен аспайтын мөлшер;

2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне және шешімдеріне шағымдардан – 0,3 АЕК;

3) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне және шешімдеріне шағымдардан – 5 АЕК;

4) тексеру актілері бойынша хабарламаларға және деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша хабарламаларға дау айту туралы әкімшілік талап қоюлардан:

дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары үшін – хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлды қоса алғанда) даулы сомасының 0,1 пайызы, бірақ 500 АЕК-

тен аспайтын мөлшер; заңды тұлғалар үшін – хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлды қоса алғанда) даулы сомасының 1 пайызы, бірақ 20 мың АЕК-тен аспайтын мөлшер;

5) некені бұзу туралы талап қою арыздарынан – 0,3 АЕК.

Неке бұзылған кезде мүлік бөлінген жағдайларда баж осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес талап қою бағасынан айқындалады;

6) белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен некені бұзу кезінде мүлікті бөлу туралы талап қою арыздарынан – осы баптың 1) тармақшасына сәйкес;

7) тұрғынжайды жалдау шартын өзгерту немесе бұзу туралы, мұраны қабылдау мерзімін ұзарту туралы, мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қою арыздарынан және мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап қою арыздарынан – 0,5 АЕК;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің шеңберінде ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан, әкімшілік талап қоюлардан – 0,5 АЕК;

9) төрелік шешімдерінің күшін жою туралы өтінішхаттардан – ҚР сотына мүлктік емес сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің, ал мүлктік сипаттағы даулар бойынша – ҚР сотына мүлктік сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған соманы негізге ала отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінің – 50 пайызы;

10) сот бұйрығын шығару туралы арыздардан – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік баж мөлшерлемелерінің 50 пайызы;

11) атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға

арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан – 5 АЕК;

12) сот шешімдерінің, үкімдерінің, ұйғарымдарының, соттардың өзге де қаулыларының көшірмелерін, сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалардың өтінімі бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан – әрбір құжат үшін 0,1 АЕК, сондай-ақ әрбір дайындалған бет үшін 0,03 АЕК;

13) заңды тұлғаларды банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы арыздардан – 0,5 АЕК;

13-1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыздардан – 0,3 АЕК;

14) абыройды, қадір-қасиеті және іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моральдық зиянды ақшалай мәнде өтеуді өндіріп алу туралы жеке тұлғалардың талап қою арыздарынан – талап қою сомасының 1 пайызы;

15) іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген залалдарды өндіріп алу туралы заңды тұлғалардың талап қою арыздарынан – талап қою сомасының 3 пайызы.

1-1. ҚР Конституциялық Сотына берілетін азаматтардың жолданымдарынан мемлекеттік баж нөлдік мөлшерлеме мөлшерінде алынады.

Төрелік шешімдерінің күшін жою және төреліктің, шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарға, мүлктік емес және мүлктік сипаттағы даулар бойынша соттардың шешімдері мен қаулыларына сот актілерін қасиетіне тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхаттардан мемлекеттік баж жолданым субъектісі үшін осы баптың 1-тармағында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінің 50 пайызы мөлшерінде алынады. Бір мезгілде мүлктік сипаттағы және мүлктік емес сипаттағы талаптарды қамтитын талап қою арыздары үшін мүлктік сипаттағы талап қою арыздары үшін және мүлктік емес сипаттағы талап қою арыздары үшін белгіленген мемлекеттік баж бір мезгілде алынады.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік баждың нақты мөлшері 2025 жылдың айлық есептік көрсеткіш негізінде көрсетіліп отыр. Жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері өзгеріп тұратынын ескеріп, бұл сома да соған сәйкес өзгеретінін назарда ұстаған жөн.

**А.БОЛЫСБАЙ,  
Шалқар аудандық соты  
әкімшілігінің бас маманы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

**ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ**

**ТӨЛҚҰЖАТ ЖАСАТУ  
ҚҰНЫ АРТТЫ**



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан мәлім еткендей, 2025 жылдан бастап елде айлық есептік көрсеткіш 3 932 теңгеге өсті. Осыған байланысты мемлекеттік құжаттарды дайындау құны да көбейді.

**Төлқұжат жасату құны:**

– 24 парақ – 4 АЕК, яғни 15 728 теңге (16 жасқа дейінгі балалар үшін);

– қолданыстағы 36 парақ төлқұжат құны 8 АЕК яғни, 31 456 теңгеге өседі.

– 48 парақ – 12 АЕК, яғни 47 184 теңге (ересектерге) болады.

Төлқұжат өтінім берген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде дайындалады. Бірақ қазақстандықтар қосымша ақы төлеп, төлқұжатты тезірек алуына болады.

**Жеке куәлік жасату құны:**

Тұрғындар жеке куәлік жасату үшін 0,2 АЕК немесе 786,4 теңге

төлеуі керек. Бірақ жеке куәлігін жоғалтып, бір жыл ішінде екі реттен артық жасату, 1 АЕК немесе 3 932 теңге төлейтін болады.

**Жеделдетіп әзірлеу мүмкіндігі**

Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары үшін: 1 жұмыс күнінде әзірлеп беру 3 372 теңге, 3 жұмыс күнінде дайындап беру үшін 1 771 теңге төлеу керек.

Облыс орталықтары үшін: 3 жұмыс күні – 3 372 теңге, 5 жұмыс күні – 1 771 теңге.

Аудандар мен облыс қалалары үшін: 7 жұмыс күні – 605,31 теңге.

Айта кетейік, «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет» туралы заңға сай, биыл 1 айлық есептік көрсеткіш (АЭК) 3932 теңге болып бекітілді. Былтыр бір АЭК 3692 теңге болған.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН**

(Соңы. Басы 1 - бетте)

Сөзіме дәлел ретінде кейбір нормаларына тоқталып өтейін. Мысалы, бұрын конкурстар 2 айда бір өтетін еді. Оны жаңа құжатта бір айға қысқарттық. Сонымен қатар, қолданыстағы құжаттағы бас мердігердің қосалқы мердігерді тартып алып, барлық жауапкершілікті соған артуына шектеу қойдық. Бұл заң бойынша объект құрылысын ұтып алған бас мердігер құрылыстың 70 пайызын өзі жүргізіп, 30 пайызын ғана қосалқы мердігерге бере алады. Осы жерде бас мердігерге де, қосалқы мердігерге де қойылатын талапты бірдей қылдық. Егер ол талаптарды орындамайтын болса, онда мемлекеттік сатып алу шарты бұзылатын болады. Ең басты мәселе – мемлекеттік сатып алу дұрыс жүргізілмеді деп шағым түсіреді. Мұндай шағымды бұрын мемлекеттік ішкі аудит департаменті қарайтын. Ол мұны екі жарым ай қарайды. Уақыт көп кетіп қалады. Одан соң сотқа бару керек болады. Осы жерде ішкі мемлекеттік аудитке шағым түсіруді алып тастадық. Ұтылған компания ұйымдастырушыларға шағым түсіріп, ол бес күн ішінде толық жауап беретін болады. Соттың да қарайтын мерзімін қысқарттық. Бірінші соттың шешімін апелляциялық сотқа шағым түсіру арқылы қайта қарауға мүмкіндік болады, одан соң заңды күшіне енеді. Бұрын кассациялық соттан соң ғана шешім заңды күшіне енетін. Осы жағына басты назар аударылды. Сонымен қатар, дұрыс жұмыс істемейтіндер жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізіліп, конкурсқа қатыстырылмайтын болады. Тағы бір жаңалық – жергілікті компанияларға басымдық берілмеді. Бұл еңбек ресурсы жоқ, техникасы жоқ басқа өңірден келетіндердің құрылысты ұтып алып, көбіне аяқтайтындығына орай қабылданған шешім.

Ауылдық мекендер үшін жеңілдіктер қарастырдық. Енді ауыл әкімдері егер өздеріне қажетті тауарларды немесе жұмыстарды атқару керек болса, оларды бір кезден сатып ала алады. Нақтырақ айтқанда, 4 мың АЕК, яғни 16 млн теңгеге дейін конкурс жарияламай-ақ ауылға қажет жерді тазалау, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін компаниялармен шартқа отыра алады. Бұрын бұл тек қана конкурстың негізде жүзеге асырылатын. Яғни, қар қырып қажет болса, Шығыс Қазақстанға жұмысты ұтып алған Оңтүстік Қазақстанның компаниялары келеді. Оларда көбіне техника, еңбек ресурсы болмайды. Ал жергілікті компания ұтылып қалады. Сондықтан осы мәселені реттедік.

**– Халықты баспанамен қамтамасыз етуге қатысты да заң қабылданғанын білеміз. Бұл да бүгінде өзекті мәселе болып тұр. Аталмыш құжатта көптің мүддесі қаншалықты қамтылды?**

– Иә, аймақтарда тұрғындармен кездескен кезде баспана өте жиі көтерілетін мәселе. Бүгінде Қазақстанда 650 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр. Бұл мәселені шешу үшін қаражат керек. Тұрғын үй сапалы әрі арзан болу керек. Сондықтан да осы мәселені де заң арқылы шешуге тырыстық. Осы орайда алдымен әкімдерге сапалы салынған дабын үйлерді сатып алуға мүмкіндік бердік. Бұрын әкімдіктер ақша алып, тұрғын үйді өздері конкурс арқылы салғызып, одан соң қабылдап алып, халыққа беретін. Қазір нарықта жаңа тұрғын үй болса, жер үйлер болса қажеттілікке орай сапасына қарап сатып алып, халыққа беріп жатыр. Бұл жұмыс былтырғы жылдың 8 маусымынан басталды. Осының арқасында тұрғын үй кезегі жылдам жылжып, халық баспанаға қол жеткізіп жатыр.

**– Бұл баспаналар сатып алу құқығымен беріле ме? Яғни, тұрғындар оларды жекешелендіре ала ма?**

– Иә, сатып алу құқығымен беріледі. Осы жылдың 4 қаңтарында қолданысқа енгізілген «Тұрғын үй саясаты туралы» заңда жекешелендіруге қатысты нормалар бар. Олар бұрын сатып алу құқығынсыз, жалға берілген үйлерге қатысты. Мұндай пәтерлер саны 60 мың екен. Жаңа құжат бойынша сонда тұрып жатқан адамдар оларды толықтай жекешелендіру құқына ие болып отыр. Өздерінің апатты жағдайда болған үйлерінің орнына баспана алғандар да осындай құқыққа ие болды. Кезінде көптеген мемлекеттік емес ұйымдарда немесе бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық бірлестіктерде жұмыс істеген азаматтар үйді арендаға алғанын білеміз. Олар да баспаналарын жекешелендіре алмай жүр. Өйткені, мемлекеттік қызметте



Нұртай САБИЛЬЯНОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

## «ДЕПУТАТТА, МИНИСТР ДЕ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК»

он жылдық өтілі қажет деген талап болды. Аталмыш заңда бұл кедергіні де алып тастап, кез келген салада тұрақты он жыл жұмыс өтілі бар азаматтың баспанасын жекешелендіре алатын мүмкіндік жасадық.

Үкімет тегін жекешелендіруді алып тастау туралы ұсыныс енгізген болатын. Яғни, аталмыш заң жобасында азаматтардың 11 санатына тиесілі осы мүмкіндікті жоюды ұсынды. Біз бұл талапты қолдаған жоқпыз. Бұл санатқа жатпайтындар 30 пайыз алғашқы жарнасын төлеп, қалған 70 пайызын 10 жылда төлеуге мүмкіндік алып отыр. Мұны да өзгертіп, баспананың 10 пайызын төлеп, қалған 90 пайызын 15 жылда өтесін деген ұсыныс жасадық. Оны қазір ережеге енгізіп жатыр. Бірінші ақпанға дейін бұл норма қабылдану керек. Бұл халыққа үлкен қолдау. Өйткені, олар тұрып жатқан пәтерлерін бұрынғы бағамен сатып алады. Осының бәрі халықтың көп көтерген мәселесі. Өйткені, көбі бір бөлмесін сатып, екі-үш бөлмелі пәтер немесе жер үй алғысы келеді. Енді осыған мүмкіндік туды.

**– Тағы қандай мәселелер шешімін тапты?**

– Тиімділік күтіп отырған заңдардың бірі «Қоғамдық бақылау туралы» заң. Бұл құжат аясында азаматтар коммерциялық емес ұйымдар, мемлекеттік кәсіпорындар, квазимемлекеттік ұйымдар субъектілеріне, бюджет есебінен қаржыландырылатын мекемелерге қоғамдық бақылау жасауға тартылады. Яғни, азаматтар дербес ұйымдарға бірігіп, мемлекет қаражатының тиімді жұмсалынуына қадағалап, егер қандай да бір бұзушылық орын алса, құқық қорғау органдарына хабарлап, тиісті шараның қабылдануына ұсыныс жасай алады. Бұл заң жаңадан қабылданғандықтан, бірден толық жүзеге аспауы мүмкін. Бірақ алдағы уақытта осы құжат негізінде жергілікті жерде көп мәселені реттеуге болатыны анық.

Сонымен қатар, соңғы жылдары ұлттық қорға байланысты көптеген мәселелер көтерілді. Қоғам тарапынан «Неге ұлттық қордан балалар қаражат алмайды?» деген сұрақ болды. Осыған орай Президент бірнеше тапсырма берді. Сол тапсырмаларды жүзеге асыру барысында біз заңдарға өзгерістер енгізіп, қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын он сегіз жасқа дейінгі балаларға аударыла басталды. Аз болсын, көп болсын, ең бастысы бұл іс жүзеге асты. Халық осы шара арқылы ұлттық қордағы қаражатты бақылауға мүмкіндік алды. Бүгінде қорға қанша ақша түсті, инвестициялық табысы қанша, қайда жұмсалуда деген сұрақтарға толық жауап алып отыр.

Электронды сигареттер, вейптерді өндіруге тыйым салу мәселесі арнайы заңнама аясында шешілді. Ұрпақ денсаулығына зиян келтіретін бұл заттар Қазақстанда өндірілмейді, сырттан да әкелінбейді. Бұған қатысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді.

**– Тәуелсіздік алған уақыттан бері заң шығару қызметі қандай деңгейге жетті? Парламент кәсібилік тұрғыда өсті деп айта аласыз ба?**

– Жалпы, Парламент – заң шығаруды жүзеге асыратын Қазақстандағы ең жоғарғы өкілді орган. Заңдар

*...сағат ауыстыруға байланысты үкімет шешімі шықты. Ол жөнінде төрт өңірде ғана кездесу болған. Арнайы құрылған жұмыс тобында бір де бір депутат жоқ. Қазір көп өңір тұрғындары оған наразы болып жатыр. Бізге 11 мың тұрғындар осындай сипаттағы хат келді. Бұл мәселені біз екі рет қарадық. Бүгінде оның шешімі жайлы жауап күтіп отырмыз. Менің ойымша бұрынғы уақыт белдеуі қайтарылуы керек. Негізі осындай шешімді үкімет халықпен бірге талқылау керек. Тек белсенді адамдар айтты екен деп бірден қабылдай салуға болмайды. Жалпы, депутат болайық, министр болайық халыққа жақын болуымыз керек.*

үкіметтен келіп түседі және депутаттардың өз бастамасымен әзірленеді. Депутаттар мүмкіндігінше заңдардың сапалы болуына күш салады. Сондықтан да заң жобалары кей кезде бір жарым, екі жылға дейін талқылануы кетеді. Көп ұсыныстар келеді. Сол ұсыныстардың әрбіреуіне жіті назар аударылады. Барлығы мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өңірлердегі атқарушы органдар өкілдерімен бірлесіп, жан-жақты қарастырып, қабылдаймыз. Елдегі өзекті мәселелерді, қоғам тарапынан туындап жатқан сұрақтарды осы заңдар арқылы зерделеп, шешімін ұсынамыз. Шешіліп те, шешілмей жатқаны да бар. Кейбіреулері Парламентке де байланысты емес. Үкімет өзі қаулы шығарып, сол арқылы бірқатар мәселелерді реттеп жатыр.

Парламент Мәжілісінің депутаттары 2007 жыл мен 2021 жыл аралығында тек партиялық тізіммен сайланған болатын. 2021 жылы өткен конституциялық реформаның арқасында Парламент Мәжілісіне партиялық тізіммен бірге бір мандатты округтардан сайланатын болды. Қазіргі кезде Парламент Мәжілісінде 98 депутат бар болса, оның 69-ы алты саяси ұйымнан партиялық тізіммен сайланған, 29-ы бір мандатты округ арқылы шыққан депутаттар. Міне, мұның өзі көп мәселені аңғартады. Өйткені, бір мандатты депутаттар міндетті түрде өз округтарына барып, халықпен кездеседі.

Мен мысалы Абай облысынан сайланғандықтан, өңірге шыққанда тек осы аймаққа барып, әр ауылдағы, қаладағы халықпен ашық кездесу өткізіп, бәрінің мұң-мұқтажын тыңдауға міндеттімін және маған дауыс беріп, мені сайлаған халықтың сенімін ақтауым керек. Соған тырысып жұмыс істеуге тиіспін. Бұл сайлаушылар үшін өте тиімді. Олар өз мұң-мұқтаждарын белгілі бір депутатқа айтып, содан сұрай алады. Ал, партиялық тізіммен сайланғандарда мұндай халықпен етене жақын болу мүмкіндігі туа бермейді. Олар бірнеше өңірлерде болатындықтан, көп жағдайда жекелеген аймақтардың мәселелерін жеткілікті зерделей алмайды.

Өз басым осымен Парламент Мәжілісіне бесінші рет депутат болып сайландым. Депутаттық корпус құрамында 2021–2023 жылдар аралығында ғана болған жоқ екенмін. Соңғы рет Абай облысының халқы мені қолдап, бір мандатты округтен депутат болып сайландым. Жалпы, сайлауға 8 рет қатыстым. Алғаш 32 жасымда Жоғарғы Кеңестің депутатығына түстім. Оған өте алмадым.

Одан соң Мәжіліске түсіп, тағы жолым болмады. Сайлауға тек төртінші рет қатысқанда ғана, тек 2004 жылы алғаш рет бір мандатты округтен депутаттыққа өттім. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз, Үржар, Жарма ауданының халқы сайлады. Жалпы депутаттық стажыма 18 жыл болады.

Халық әкімдердің, үкіметтің құзыретіндегі мәселелерді депутаттарға айтады. Аймақтардағы көп мәселелер, мысалы ауылдың ішіне жол салу, қаланы абаттандыру, олардың инфрақұрылымын жасау жұмыстарын жергілікті бюджеттен қарастырып, әкімдер іске асыру керек. Ал енді біз өңірлерде кездесу болғанда жұртшылық көтерген мәселелерді тыңдап, оларды өз жұмысымыздың барысында заңға енгізіп, сонымен қатар үкіметке жіберу немесе атқарушы органмен бірге жұмыс істеу арқылы шешуге атсалысамыз. Депутаттардың негізгі жұмысы – осы.

**– Партиялық тізіммен**

сонымен қатар сарапшылар, мамандар, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, қауымдастық өкілдері кіргізіледі. Мысалы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң бойынша құрылған жұмыс тобына 200-ге жуық азамат қатысты. Үлкен талқылау болды. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң талқыланған кезде көп балалы аналардың бірлестіктері өкілдерінің ұсыныстарын айтуына мүмкіндік бердік. Соның арқасында көптің көкейіндегі мәселелер шешімін тапты. Шалғай және шекаралық аудандарға дейін барып, кездесу өткізіп, заңдардың барынша сапалы болуына күш салып жатырмыз. Сондықтан депутаттар бастамасымен дайындалатын заңдардың реттеу әсеріне талдау жасау қажет емес деп ойлаймын.

**– Жалпы, алдағы уақытта қандай заңдар қабылданбақ?**

– Біз бүгін де Парламент Мәжілісінде Құрылыс кодексінің қарап жатырмыз. Қолданыстағы құрылыс туралы заңды кодекске ауыстырып, оның

реттеуші әсерін, қамтитын ауқымын барынша арттырмақпыз. Нақтырақ айтқанда, осы құжат арқылы елімізде жүргізіліп жатқан құрылыстардың сапасын қамтамасыз етпекпіз. Қазір қарап отырсақ, қандай құрылыс салынса да, оған берілетін кепілдік екі-ақ жыл екен. Екі жылдан кейін оған ешкім жауап бермейді. Біз осы мерзімді 5-тен 7 жылға дейін көбейтуді ұсынып жатырмыз. Екіншіден, бүкіл құрылыс салатын компанияларда кімнің лицензиясы бар, ол қандай лицензия алды, соның бәрін бір ақпараттық жүйеге енгізудеміз. Бұл мәселелер өте өзекті. Қазір сапасыз құрылыс үшін ешкім өз мойнына жауапкершілік алмайды. Сондықтан осы заң негізінде жауапкершілік те қатайтылады. Ең өзекті мәселенің бірі – сіздер мен біздердің, яғни, «Тұтынушылар құжын қорғау туралы» заң жан-жақты талқыланатын жатыр. Құжаттың басты мақсаты – тұтынушылар құқына тиісті қолдау көрсету. Бұл үшін мемлекет тарапынан омбудсмен тағайындалады. Үкімет басшысы бұл талапты қолдады. Ол омбудсменді тағайындап, бұл институттың жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғаламтор арқылы тауар сатушыларда міндеттеп жатырмыз. Енді олар сізбен электронды шарт жасасады, соның негізінде тауар сапасыз болса, оны 14 күн ішінде не қайтарады, не ауыстырып береді.

**– Парламентке қосымша құзырет керек емес пе?**

– Конституциялық реформа аясында Парламентке жақсы құзыреттер берілді. Соның бірі әрі маңыздысы – Жоғарғы аудиторлық палата есебін жылына екі рет қарау. Жуырда көлік саласы, темір жол бойынша есеп берілді. Соның арқасында өз ұсынысымызды қосып, заңдарға өзгеріс енгізуге мүмкіндік алдық. Екіншіден, біз жақында бюджет кодексінің қабылдадық. Енді квазимемлекеттік секторлар жайлы есеп тыңдамақпыз. Бұл құзыретті дұрыс пайдалана алсақ, тиімді нәтиже болады деп ойлаймын. Өкінішке қарай, кейбір министрліктер ереже шығарады. Үкімет бірқатар қаулыға қол қойып жатады. Солардың кейбірі халықтың наразылығын тудырады. Мысалы, сағат ауыстыруға байланысты үкімет шешімі шықты. Ол жөнінде төрт өңірде ғана кездесу болған. Арнайы құрылған жұмыс тобында бір де бір депутат жоқ. Қазір көп өңір тұрғындары оған наразы болып жатыр. Бізге 11 мың тұрғыннан осындай сипаттағы хат келді. Бұл мәселені біз екі рет қарадық. Бүгінде оның шешімі жайлы жауап күтіп отырмыз. Жалпы, менің ойымша бұрынғы уақыт белдеуі қайтарылуы керек. Негізі осындай шешімді үкімет халықпен бірге талқылау керек. Тек белсенді адамдар айтты екен деп бірден қабылдай салуға болмайды. Жалпы, депутат болайық, министр болайық халыққа жақын болуымыз керек қой. Егер елге жақын болып, олардың дауысына құлақ салатын болсақ, қаншама мәселелерді зерделеп, оңынан шешу жолын таба аламыз.

**– Уақыт тауып, пікірлескеніңізге рақмет.**

Сұхбаттасқан  
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

АҚПАРАТ

## ҚАР ЕРІТУ ПУНКТИ АШЫЛДЫ

Алматыда ашылған пунктте экологиялық таза технологиямен қар ерітілетін болады.

Жаңа пункт «Алматы Тазалық» мекемесінің көктайғаққа қарсы реагенттері сақталған бұрынғы базасында салынған. Қар еріту пункті соңғы жылдары қардың көп түсуіне және қаланың инфрақұрылымына жүктеменің артуына байланысты салынған.

— Қар еріту пунктінің жұмыс процесі қолданыстағы кәріз желісі арқылы келетін ағынды сулардың жылуын пайдалануға негізделген. Жылы су қысыммен сорғы қондырғылары және құбырлар жүйесінен өтіп, қарды ерітеді. Осыдан кейін еріген су сүзгіге түседі, құм мен қоқыстардан тазартылады. Кейін қалалық кәріз желісіне жіберіледі. Пунктінің қуаттылығы — тәулігіне 1200 текше метрге дейін қарды ерітеді, — деп хабарлады әкімдіктен.



Жалпы қар еріту пунктіне Әуезов, Алмалы және Бостандық аудандарының аумақтарынан қар жеткізіледі.

Алматы қаласы

## РОБОТ-ТЕЛЕИНСПЕКТОР ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ



Заманауи технологиялар адамзаттың күнделікті өмір салтына да араласа бастады. Мәселен, Ақмола

облысының әкімі Марат Ахметжанов Бұрабай ауданына арнайы техника табыстады. Робот-телеинспектор заманауи камералар мен сенсорлармен жабдықталған, олар жоғары дәлдіктегі кескінді қамтамасыз етіп, құбырлардың күйін егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді және диаметрі 300-ден 1000 мм-ге дейінгі канализация құбырларындағы ақауларды анықтауға арналған. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жаңа көмекшіні және коммуналдық

қызметтерге арналған мамандандырылған техниканың кілттерін, оның ішінде мазут тасымалдаушы, көпфункционалды КамАЗ, фермерлік және жолаушы Газельдер, сондай-ақ ЖАС және Naval пикаптарын тапсырды.

Жаңа техниканы тапсыру өңірдің коммуналдық инфрақұрылымын дамыту мен материалдық-техникалық базаны жақсартуда маңызды қадам болуда.

Ақмола облысы

## СҮЙІНШІ: 200-ГЕ ЖУЫҚ СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Жаңа жылдан бері Жетісу өңірінде де сүйінші ақпараттар көбейді. Солардың бірі жарық дүние есігін ашқан нәрестелер. Жетісуда 1 апта ішінде 196 нәресте дүниеге келді. Оның ішінде 4 егіз бар.

Жаңа жылдың басталуымен облыс бойынша 17-і қаңтар аралығында 196 бала өмірге келді. Оның 98-і ұл, 98-і қыз бала. Ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында 2025 жылы облыстық перинаталдық орталығында ұрық хромосомаларына инвазивті пренаталдық диагностика, генетикалық зерттеу жүргізуді бастау жоспарланып отыр. Бұл да медицина саласындағы онды жаңалықтардың бірі. Ол хромосомалық ауытқуларды және басқа да тұқым қуалайтын бұзылуларды анықтау үшін қолданылады әрі ол диагностика бала денсаулығына

қатысты қауіптердің алдын алады. Жетісу облыстық денсаулық басқармасы өкілдері алдағы уақытта Сарқан қаласында 3 жасқа дейінгі балаларға арналған Қамқорлық оңалту орталығын ашу жоспарланып отырғанын да жеткізді. «Онда Алакөл, Ақсу және Сарқан аудандарының балалары оңалтудан өтеді. Онда дамудың ерте кезеңдерінде 3 айдан 3 жасқа дейінгі балаларды кешенді оңалту жүргізілетін болады», — дейді мамандар.



Жетісу облысы

## АҚЦИЗДЕЛЕТІН ӨНІМДЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛДЫ



Мемлекеттік кірістер департаменті былтыр облыс аумағында өткізілген рейдтер нәтижесінде 168 мың литр алкоголь тәркілеген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 14,5 пайызға жоғары.

Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің

ұсынған мәліметінше, акцизделетін өнімдердің көлеңкелі айналымын болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстар атқарылған. Нәтижесінде 1 жыл ішінде 12 млн дана темекі, 168 мың литр алкоголь өнімдері және 198 тоннадан астам мұнай өнімдері тәркіленді. Бұл заңсыз әрекеттер бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес шаралар қолданылып, құжаттар сотқа жолданды. Нәтижесінде 51 млн теңгеден астам айыппұл өндірілді.

— Мәселен, өткен жылдың мамыр айында Іле ауданы аумағында екі көліктегі темекі өнімдерін заңсыз тасымалдау фактісі анықталды. Эко-

номикалық тергеу департаментімен бірлескен тексеруде жалпы құны 150 млн теңге болатын, сәйкестендіру құралдары жоқ 195 мыңнан астам қорап темекі тәркіленді. Бұл өнімдердің төленбеген акциз сомасы 62 млн теңге. Сондай-ақ, Қазік ауылында спиртті өнімдерді заңсыз тасымалдау фактісі тіркелді. Рейд барысында көліктен жалпы құны 1,5 млн теңгеге бағаланған 2790 литр спиртті сұйықтық табылды, — дейді Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіндегі акциздерді әкімшілендіру бөлімінің басшысы Айгерім Алмабай.

Алматы облысы

АСЫЛ МҰРА

## ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіл — халықтың қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі — ұлттың мәселесі.

Мемлекеттік тіл — әрбір елдің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқы топтас-тырудың аса маңызды факторы саналатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қаяу түсіретін жайт. Қазақ тілі — Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл — адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана

тіліміз еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның қолданылу аясын жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру — ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тіл» деген Ахмет Байтұрсынұовтың нақыл сөзіне сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл — қарым-қатынас құралы емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың құралы және ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым.

Қазіргі таңда үкімет тарапынан мемлекеттік тілді үйрену үшін барлық жағдай жасалған. Мемлекеттік қызметкерлер де мемлекеттік тілді меңгеріп, өздерін дамыту үстінде. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі —

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

2025 жылдың алғашқы күнінен бастап Қазақстанда әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жүйесіне қатысты елеулі өзгерістер күшіне енді. Ел азаматтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған бұл қадамдар республикалық бюджет аясында жүзеге асырылды.

## 2025: ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР



2025–2027 жылдарға арналған бюджетте әлеуметтік бағыт басты басымдық ретінде сақталды. Бұл тек экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, халықтың күнделікті өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қазақстан — әлеуметтік мемлекет. Осы ұстанымға сай, үкімет денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік төлемдерге қомақты қаржы бөліп, халықты әлеуметтік қолдауға ерекше назар аударуда. 2024

жылы іске қосылған «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы биыл да халықты қуантуды жалғастырып отыр. Бағдарлама аясында әр балаға арнайы төлем қарастырылып, олардың болашағына қаржылық қолдау көрсетілуде. Бұл бастама тек ата-аналар үшін емес, бүкіл қоғам үшін үлкен серпіліс әкелді. Мемлекет осы жоба арқылы балалардың болашағын қамтамасыз етіп, олардың сапалы білім мен мүмкіндіктер алуына жағдай жасайды.

Сонымен қатар, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақылары да артты. Министрлік хабарлауынша, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 65%-дан 70%-ға дейін ұлғайтылған. Ал ақшаға шаққанда оның көлемі 32 360 теңгені құрайды. Ал оның ең жоғары мөлшері бұл деңгейден 105%-дан 110%-ға дейін артып, 50 851 теңгеге жетіп отыр. Министрлік келтірген мысалға сәйкес, қазір 150 мың теңге көлемінде зейнетақы алып жүрген зейнеткерлердің ақшасы 170 мың теңгеге артады. Мәселен, 2019 жылы зейнеткерлікке шыққан 69 жастағы зейнеткердің 2024 жылы бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері 156 856 теңгені құрады, оның ішінде базалық зейнетақы төлемі — 45 578 теңге, ынтымақты зейнетақы — 111 278 теңге. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өсімді ескере отырып, осы зейнеткер үшін зейнетақының жалпы сомасы 171 588 теңгеге дейін ұлғайды, оның ішінде базалық зейнетақы — 50 851 теңгені, ынтымақты зейнетақы — 120 737 теңгені құрады.

Ал мемлекеттік жәрдемақы көлемі былай өзгерген: 1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы 140 296 теңгеден 149 416 теңгеге дейін өсті. Ал 4 және одан да көп бала туғанда берілетін жәрдемақы — 232 596 теңгеден 247 716 теңгеге дейін ұлғайтылған. Ай сайын берілетін көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы — 4 баласы бар отбасылар үшін 59 183 теңгеден 63 030 теңгеге дейін артса, 10 баласы бар отбасылар үшін — 147 680 теңгеден 157 280 теңгеге дейін көтерілген.

I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 6 мың теңге шамасында қосылып, 95 496 теңгеден 101 702 теңгеге дейін артып отыр. Ал II топ мүгедектігі бар адамдардың жәрдемақысы 76 397 теңгеден 81 362 теңгеге дейін, III топ мүгедектігі бар адамдардың жәрдемақысының көлемі — 52 089 теңгеден 55 474 теңгеге дейін өскен.

Айта кетейік, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіш (АЕК) өзгерді. Осы жылдан бастап АЕК 3932 теңге көлемінде бекітілді. Ал 2024 жылы АЕК 3692 теңгені құраған.

Бюджет аясында денсаулық сақтау мен білім беру салаларына ерекше назар аударылған. Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін қосымша қаржыландыру бөлінді. Сонымен қатар, оқытушылар мен медицина қызметкерлерінің жалақылары да артты. Бұл шаралар елдегі әлеуметтік теңсіздікті азайтуға және халықтың жалпы әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген бұл өзгерістер елдің әлеуметтік саясатындағы үлкен жетістіктердің бірі болды. Зейнетақылардың, жәрдемақылардың, шәкіртақылардың және басқа да төлемдердің көбеюі азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы ұсынған әлеуметтік бағыттар халықтың әл-ауқатын жақсартуға, табыстарын арттыруға және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға негізделген. Алдағы жылдары да осы өзгерістердің жалғасы халыққа жаңа мүмкіндіктер мен сенімділік сыйлайды деп күтілуде.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»



басқару, ақпарат, білім мен тәрбие беру ісі, бұқаралық ақпарат құралдары, құжат жүргізу саласы, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда және басқа да маңызды салаларда жолға қойылуда. Әр мекеме басшысынан бастап, техникалық қызметкеріне дейін тілді үйреніп, күнделікті өмірде пайдалануға бейімделуі керек. Сонымен қатар, күннен-күнге мемлекеттік тілді меңгергендердің ішінде өзге этнос өкілдерінің де саны көбеюде. Ол үшін ата-ананың рөлі ерекше екенін ескеру қажет. Әр отбасы баласына қазақ тілін үйре-

туді қолға алса, жүре келе таза сөйлері анық. Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Ақкөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,  
Ақтөбе қаласы №2 сотының  
бас маманы

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ

# ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМЫ ЖАҚСАРАДЫ

Елімізде жылқы саны 4,2 млн басты құрайды. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Мемлекет басшысы осылай деді. Сандық көрсеткіштің жылма-жыл өсу қарқыны қуантып тұр. Бірақ Президент айтқандай, бұның өз мәселесі бар. Қазақстандағы жылқышылардың саны өскенмен, тұқымы дұрысы тым аз. Яғни, асыл тұқымды жылқы саны – 40 мың басты ғана көрсетіп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев жылында Қамбар ата түлегін өсіріп қана қоймай, оны асылдандыру жөнінде өз байламын айтқан болатын.

жем-шөп дайындау ғылыми-зерттеу институты» ЖШС құрылды. Аталған мекеме «Ұлттық ғылым-білім беру орталығы» құрамында болмақ. Ал мамандардың сөзінше, институттың Ақтөбеде ашылуы тегін емес. Өйткені, мұнда уақытында қазақтың Мұғалжар және Көшім тұқымды

Мамандардың айтуынша, алдағы жылы соңғы технологиялар арқылы жергілікті Қостанай, Адай және соғымға арналған өзге тұқымдардың генотиптерін көбейту үшін селекциялық және асылдандыру бойынша жұмыстар қарқын алады. Оған жылқылардың әртүрлі генетикалық топтары туралы ақпаратты сақтайтын деректер қорын және ұрықтар мен эмбриондар банкі құрылмақ. Қосымша аналықтарды қолдан ұрықтандыру зертханалық пунктін салып, арнайы жылқы өсіруші мамандар дайындалмақшы. Әрі жылқы ветеринарлық клиникасын ашу да қарастырылған.

– Жоспарланған жұмыс көп. Биылдан бастап қазақ даласындағы қандай жылқы тұқымдары бар, қайсысы қолда қалды деген мәселемен үлкен зерттеу жүргіземіз. Аталған жұмыстар Маңғыстау, Қарағанды, Павлодар және Абай облысында қолға алынады», – дейді «Қазақ жылқы шаруашылығы және жем-шөп өндіру ғылыми-зерттеу институты ЖШС-ның Басқарма төрағасы Әлібек Базаралиев.

Екіншіден, мұндағы басым бағыт, 2025 жылға дейін жылқы тұқымын асылдандыра отырып, оны еліміздің әр өңіріндегі шаруашылықтарға енгізу. Осы арқылы отандық жылқы тұқымының өсімін 20-25%-ға арттыру көзделген. Сондай-ақ шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен, университеттермен және халықаралық стандартқа сай зертханалармен бірлесе жұмыс істеп, ондағы жетістіктері мен тәжірибелер алмасу басты назарда. Өйткені, қазақ жылқысын халықаралық аренада бәсекеге қабілетті ету өте маңызды.

Ал Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты «Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу станциясы» филиалының аға ғылыми қызметкері Дәулет Ибрагимовтың айтуынша, қазір жылқыны өсіру мен көбейтуде өзіндік қиындық жетерлік.

«Төбіндеп жайылатын түлік

болған соң жылқыға жақсы жайылым керек. Қазір көп өңірлерде егістік алқаптың көбеюі жақсы болғанымен, жаз айларында өрісті тарылтып отырғанын жасыра алмаймыз. Егістік иелері жерді қоршап, тек күзде ғана жиын-терім біткен соң ашып тастайды. Негізгі жайылымдық жерлердің де күйі нашарлаған. Екіншіден, жылқы шаруашылығында оның тұқымын асылдандыру туралы айтылған мәселе де өте орынды. Енді соны орындаушылар тек ірі шаруашылықтарға ғана мән бермей, азды-көпті жылқы өсіріп отырғандарға да қолдау көрсеткенді дұрыс деп есептеймін. Жалпы, ет бағытындағы Мұғалжар, Көшім жылқыларынан бөлек, будандасқан спорт бағытындағы жылқыларды да өсіріп отырғандар бар. Бірақ қолдағы жылқылардың 90%-ы яғни, қай тұқым екені бізге белгісіз. Өйткені, барлығы да шатыс тұқымдар. Демек, санда өсім болғанымен, сапа жоқ. Бұл кемшілікке қоса жылқы тұқымын түсінетін мамандар да тым аз. Одан бөлек, ондағы жұқпалы немесе жұқпалы емес ауруларды емдеу ісіне де көп қолдау керек».

Еті мен сүті жаңға дауа, дертке шипа болатын жылқы төлі ғасырлар бойы қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқаны анық. Жылқы өнімін жиі тұтыну – адам денсаулығына өте пайдалы. Айта кетейік, Қазақстанда жылқыдан бөлек, өзге түлік басында да өсім бар. Алдыңғы жылдың дәл осы кезеңімен салыстырсақ, мал басы 119%-ға артыпты. Былтыр 9 айда ірі қара малдың саны 8 395,6 мың басқа өссе, ұсақ мал саны 20,9 млн басқа көбейген. Ал Ойсыл қара тұқымы 286,6 мың басқа жетіпті.

Сонымен қатар, елде сыйымдылығы мың бастан 20 мың басқа жететін 160-қа жуық бордақылау алаңы бар көрінеді. Оның көбісі Түркістан, Алматы, Ақмола және Қостанай облыстарында шоғырланған.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

«Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан жабының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Көшім және Мұғалжар тұқымдары қосылды. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Мен бұған дейін Адай жылқысы Маңғыстаудың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді. Бұл арғымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгелерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты екені белгілі, алайда, жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр, небәрі 280 бас қалды. Сондықтан жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет. Биыл қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылдадық. Енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам жасаймыз. Мен Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырамын. Білікті мамандар мұны көптен бері айтып жүр. Құзырлы органдар қысқа мерзім ішінде осы мәселені пысықтап, қаржы көздерін нақтылауы керек», – деді сол жиында Президент.



Артынша Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде Жылқы шаруашылығы және жем-шөп өндіру ғылыми-зерттеу институты ашылғаны белгілі болды. Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының негізінде «Қазақ жылқы шаруашылығы және

жылқысы көптеп бағылды. Әлі де осы шаруашылықтың басында жүргендер өңірде жетерлік. Мысалы, бір Мұғалжар жылқысының төлі – 1 млн теңгеден бағаланатын көрінеді. Әрі бұл түлік құбылмалы ауа райына бейім, әсіресе, қатал қыс айларына өте шыдамды.

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Күміс бұлақ» қоғамдық қоры (БСН 121040021188) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Мира даңғылы, 29-үй, 41-пәтер, тел. 87713795308.

8. «ЖАН-ЕЛ» КАДАСТР» ЖШС (БСН 130440013339) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 108/1 үй, пошта индексі 160300.

### ӘРТҮРЛІ

3. «Павлодароргсинтез» ЖШС (БСН 111240013023) «Компания Нефтехим LTD» («Компания Нефтехим ЛТД») ЖШС-не (БСН 050340008857) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы барлығын хабарлар етеді. Шағымдар Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Химкомбинатовская көшесі, 4/9 құрылыс, пошта индексі 140000 мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады. Тел.87051721000.

4. «БАРСӘТ» ЖШС (БСН 960640001038), Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жаңа заңды тұлғаны (ЖШС) бөлу түріндегі қайта ұйымдастыру жүргізілетінін хабарлайды. «БАРСӘТ» ЖШС-не қатысты талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде қабылданады. Талаптарды жолдау үшін байланыс деректері: Мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, Садық Дүйсебаев көшесі, 35-ғимарат. Тел. 8 (72537) 2-24-21, +7 701 777 99 11.

5. «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Ақтау қаласындағы «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ филиалының заңды ме-

кенжайының өзгергені туралы хабарлайды: 130000, Ақтау қаласы, 26 шағын ауданы, 17-ғимарат, «ISATAI» бизнес орталығы, 3-қабат, 303-кеңсе.

9. 2025 жылдың 5 қаңтарында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Нұрай Инвест Групп» ЖШС-нің оңалту рәсімін қолдану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғады.

10. «AUTO SIYLIQ FINANCE» Микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 220240035629, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 223, н. п. 247, 6 қабат, 2Б блок, пошта индексі 050059. Телефон: 8 700 888-55-88.

11. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау аралық инвестициялық пай ережесіне сай №2 қосымшаның 6.4-тармағына сәйкес, 10.01.2025 9:00 -19.01.2025 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

6. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің (АҚКК) біліктілік комиссиясы 2024 жылдың 15 және 18 қарашасы аралығында өткен «Қазақстан Республикасының Аудиторы» атағын алуға арналған емтихандық сессияны қорытындылай келе, «Аудитор» атағы 4 (төрт) үміткерге берілгенін хабарлайды.

АҚКК біліктілік комиссиясы Исакова Кристина Альбертовнаны, Нуршатаев Азамат Бахытбековичті, Омарова Наима Абдулхамитовнаны, Шаяметова Асем Болатовнаны емтихандарды сәтті тапсыруымен және «Аудитор» біліктілігін иеленуімен құттықтайды. Қызықтыратын сұрақтарыңыз бойынша +7 727 249 76 02, +77017217803 телефон нөмірлері арқылы немесе kvakom@psad.kz электрондық поштасына хабарласыңыздар, АҚКК біліктілік комиссиясы

7. «Бахус» АҚ 20.01.2025–25.01.2025 күндер аралығында бірінші экологиялық порталда (Ecoportal.kz) Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 223 мекенжайы бойынша орналасқан «Бахус» АҚ алкоголь өнімін өндіру кешені үшін әсер ету туралы декларацияға қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні болады. Бастамашы: «Бахус» АҚ, БСН 941140000417, +77012894995. Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.

### Баспасөз – 2025

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеті.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директору Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реформа» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ҚЖО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**(Соңы. Басы өткен санда)**

– Мен Қуаныш Тимурұлының құрылыс компаниясында біраз жылдардан бері жұмыс істеймін.

– Демек, бұрыннан таныссыз. Уақытылы есептесіп тұрдыңыз ба?

– Иә, ақымды жеген кезі болмады.

– Ары қарай жалғастыра беріңіз.

– Мен ол үйге бұрыннан барып, бұзылған тоқ жолдары, техникалық жөндеу жұмыстарын жасап жүргендіктен, бағалы заттарды қай жерге сақтайтынын білетінмін. Соңғы кезде қаржыдан қиналып жүргендіктен, тонаушылық жасауға бекіндім. Сөйтіп, сағат 11-лерге қарай сол пәтерге бардым. Есікті ашқан Қуаныш Тимурұлын электрошокермен талдырдым да, қымбат бұйым сақталған төргі бөлмеге қарай жүргенімде, ваннадан шыққан жартылай жалаңаш әйеліне көзім түсті... ойым бұзылып...

– Иә, сосын не болды? – Абылай кідіріп қалған күдіктіге сөйлей бер деп ишара жасады.

– Еркекпіз ғой. Бұрыннан сол әйелге ындыным құрып жүретін. Орайы енді келді деп ойладым. Сонымен ұрлық жайына қалды. Бірақ әйел мен ойлағандай оп-оңай икемге келе қоймады. Қолымнан сытылып шығып, ашық тұрған терезеден өзін лақтырды. Сосын ұрлық та жайына қалып, өзін зорға бас сауғаладым.

– Жарайды. Басқа айтарыңыз бар ма?

– Мені шайтан азғырды. Істеген ісіме қатты өкінемін, – деді күдікті күрсіне қынжылып.

Содан бері біраз күн өтті. Тергеу барысы аяқталғанымен, бұл істен бір шикілікті аңғарған Абылай Әзімханұлы сотқа жолдауға асықпады. Мұнысы басшылыққа ұнай қойған жоқ. Бірде түс әлетінде ішкі істер бөлімінің басшысы полковник Қуандық Бірлікұлы Абылайды ресторанға кездесуге шақырды. Бұл жаңа келген бастығының сырына қанық емес еді. «Өзіңді әріптестермен алыстатпа және де жақындатпа» ұстанымымен жүретін Абылай әркілі ойдың жетегімен уәделі уақытта ресторанға барды.

– О, қош келдің, Абылай Әзімханұлы, – деп Қуандық ресторанның VIP залынан құшақ жая қарсы алды.

– Қош көрдік, Қуандық Бірлікұлы. Дастарқанға шақырғаныңызға рақмет. Дегенмен, ненің құрметіне жайылған дәм екенін түсінбедім, – деді Абылай нәумес.

– Ой, бауырым, тергеушің десе, тергеушің ғой. Мінеки, келгеннен тергей жөнелдің. Жай әріптес ретінде әңгімелесіп, жақыннан түсінісіп, сырласуға болатын шығар, бауырым, – деп жақуарата кеңілдей күлді.

Талай істің тігісін жатқызған тісқаққан екені байқалып тұр, – айтпақшы, мына сусындықтың қайсысынан татушы едің, – деп үстел үстіндегі сәмсап тұрған ішімдіктерге қол созды.

– Рақмет, мен ішімдікке жоқ едім, ал мынадайдан болады, – деген Абылай дастарқанда тұрған тассайдды алып, өзіне құйып қойды.

– А, оның дұрыс екен. Маған рұқсат болса, – Қуандық өзіне вискиден құйып, тартып жіберді де, өзінің өмір жолы, қызметке қалай келгені, қазіргі саясатқа көзқарасы туралы ақтарылып сөйлей жөнелді. Сөзшендігі байқалып тұр. Абылай мұқият тыңдады.

– Айтпақшы, Абылай Әзімханұлы, сіздің «Құрмет» орденін алғаныңызға 3 жыл болыпты. Содан бері басшылық неге сізді наградаға ұсынбаған? Бұл сіз сияқты өз ісіне шебер, кәсіби маманға жасалған қиянат емес пе? Дауай, құжаттарыңызды дайындаңыз. Мен сізді биыл «Пара-

сат» орденіне ұсынамын, – деді вискиге аздап қыза бастаған Қуандық әңгіменің әредігінде.

– Көңіліңізге рақмет. Атақ ретімен беріле жатар, Құдай абыройдан айырмасын, – деген бұл сәл үнсіздіктен соң, – Қуандық Бірлікұлы, әңгіменің тоқетеріне көшсек. Жалпы маған не айтқыңыз келіп отыр? – деді мына іш пыстырарлық әңгімеден жалығып.

– Иә, иә, істің тоқетері былай. Түн ұзарса, түс көбейеді деген. Ана марқұм келіншектің делосын жабу керек.

– Қалай жабамыз? Ол істің күдікті тұстары бар. Тағы да зерттеуді қажет етеді.

– Абылай Әзімханұлы, сіз ақылды адамсыз. Қалай түсінбейсіз? Мына өмірде біз түсінбейтін, шамамыз

Бұл кезде өрт сөндіргендей түнерген Абылай ресторанның шығып бара жатты. Тіке бөлімшеге тартты. Кезекшілікте отырған капитан Жаннат Оңласынұлымен амандаспастан, насыбай қалтасын сұрап, бір атымды ерінге лақтырып, ашу-ызадан жарылардай болып, үйіне бет алды.

– Басекең бұ бәлені қойып еді. Мұнысы қалай? – деп түк түсінбеген Жаннат Абылайдың артынан ұзақ қарап тұрды.

Үйге келген соң, іші әлем-тапырақ болған Абылай жаңа бастығының айтқандарын ой сарабынан өткізді. «Бала-шағаңның болашағына балта шаппа, жұмысыңды, өміріңді ойла» деген сөздер санасында жаңғырып тұрды. Төрте ілулі тұрған отбасылық суретке көзі түсіп, жүрегі шым ете қалды. Мына өмірде әділет-

елеусіз детальдарға дейін сұрыптап, екседі. Күдікті Наматжан Сабиrowтың мойындауынан ойға қонымысыз, жалғандықтар шыға бастады. Сонымен өзбек еліндегі бұрыннан таныс құқық қорғау саласының қызметкерлері арқылы Әндіжан қаласының Асака ауданының тұрғыны Наматжан туралы мәлімет жинау қиындық тудырмады. Күдіктіге әйел зорлады деп кінә тағуға ешбір негіз жоқ боп шықты. Өйткені Наматжан 20 жасында Ауған соғысына қатысып, қырғын шайқастың бірінде ауыр жараланып, еркектік мүшесіне зақым келген. Сол себепті өмір бойы үйленбеген. Былайша айтқанда әтек. Ендеше, неге ол кісі өлімін мойнына алды?

– Сонымен Жанат сен қандай қорытындыға келдің? – деп Абылай сынап қарады?

– Соған мыым жетпей, ақылым айран боп отырған жоқ па?

– Мысалы саған он миллион берсе, жасамаған кісі өлімін мойнына алар ма едің?

– Қанша? Аз ғой. Тағы біраз қосса... А, жоға. Әбеке, не деп кеттіңіз? Адамды шатыстырып, – деп Жаннат шоршып түсті.

– Мінеки, ақшаны айтқанда сен бірден бейсаналы түрде келісімге келуге рай таныттың. Ал, құрылысы өзбектерге бұл көп ақша. Олигархтар үшін бұл копейка. Арзымас дүние.

– Сонда Сандуғаш Көкенованы күйеуі Қуаныш Тимурұлы өлтірді дегіңіз кеп тұр ма?

– Дәл солай. Бірақ, дәлел жеткіліксіз.

– Әй, қайдам. Көршілеріңіз бұл отбасы тату-тәтті, күйеуі мешітке садақа беріп, қайырымдылықпен жиі айналысады деп шаң жуытпай, олардың жарасымды жұп екеніне кепілдік беріп отырғанын қайда қоямыз?

– Күштінің арты диірмен тартқан заман. Бай кәсіпкерден жасқанып, жалған куәлік берулері әбден мүмкін.

– Иә, ондай жағдайлар болады.

– Сосын күдікті Наматжанның жалдамалы жұмыскер жалғыз бауыры жуырда ғана Асака ауданының орталығынан жап-жаңа үй алған. Бұл мәселеге ауылдастарының өзі таңқалысын жасыра алмапты.

– Бұл рас болса, Наматжанның бауыры үшін жасаған ісін бағалауға болады. Менің ағамды білесіз ғой, әйелінің айтқанынан шықпайды.

Абылай бір жымып қойып әңгімесін жалғастырды.

– Олардың жауабы бойынша, марқұм терезеден секірген-мыс. Ал өзің ойлашы, әйел шалқасынан жатыр. Өз еркімен терезеден секірген адам көбінде екпетінен құлайды.

– Ана оңбағандар өлген әйелді терезеден лақтырған демекпісіз?

– Межемен солай болуы мүмкін. Тұра тұр. Сөзімді бөлмей тыңда. Есіңде болса, Наматжан тергеуде әйелдің ваннадан шыққанын айтса, ал, күйеуі ол уақытта ас үйде әйелімен тамақтанып жәйбарақат отырдық деді. Сондай-ақ Қуаныш Тимурұлы мен Наматжан оқиғаның сағат 11-ден кейін болғанын айтқанымен, марқұм келіншектің қолынан табылған ақылды сағат Сандуғаш Көкенованың жүрек қағысының 9 жарымда тоқтағанын айғақтап тұр. Міне, парадокс. Бұған қоса, Қуаныш Тимурұлының бұрынғы екі әйелінің де кездейсоқ ажал құшқанын есепке алыңыз. Мен сенімді адамдар арқылы күні бұрын қысқартуға жіберілген сот-медициналық сараптамасына қол жеткіздім. Марқұм келіншектің өлуден бұрын төрт қабырғасының сыңғанын және тырнақ астынан күйеуінің тері қалдықтарын анықтадым. Демек, оны айуандықпен қинап өлтірген. Жарайды қалғанын тағы көре жатармыз. Мен

қызымды мектептен алуға кеттім. Деректер туралы тіс жарма.

Істің байыбын әлі қорытып үлгермеген Жаннат басын сипаған күйі қалды.

Абылай Назарбаев зияткерлік мектебінде оқитын қызы Еркеназды күтіп алуға барды. Көп күттірмей қызы да шықты. Екеуі қатарласа жүріп, көшені кесіп жаяулар жолынан өте бергенде, қапталдан өздеріне қарай құйғытып келе жатқан қара джип көлігін көрді. Қас-қағым сәтте әбжіл қимылдаған Абылай қызын арғы бетке итеріп үлгергенімен, өзі қатты соққыдан анадай жерге ұшып түсті. Абылай ауруханада есін жыйды. Оң жақ ортан жіліктің морт сынғаны болмаса, басқа жарақаттарды елемеге болады. Бастысы, қызы дін аман. Абылай мұның сөзсіз қастандық екенін сезді. Аса діншіл болмаса да, бір құдіретті күштің барына сенетін. Мойнындағы анасы берген бойтұмарды сипалап, жүрек тұсына басты.

Арада он күн өткен соң, жақын-дары мен доғдырлардың қарсылығына қарамай, балдағын сүйеніп, ақсаңдай басып Сандуғаш Көкенованың ісін аяқтауды ұйғарды.

Наматжан тәжірибелі тергеушінің бірде өктем, бірде жұмсақ, шым-шытырық қойылған сұрақтарынан сынып түсті. Иә, ол үйге сағат 11-де Қуаныштың шақыруы бойынша барған. Сосын қожайыны табан астында сценарий құрған. Оның қаржыдан қысылып жүргенін күні бұрын білетін Қуаныш Наматжанмен 9 миллионға келіскен. Бұл кезде бір жарым сағат бұрын жантәсілім еткен келіншек еденде жатқан еді. Сөйтіп Наматжан тергеушіге үлкен сомаға кісі өлімін мойнына алғанын мойындауға мәжбүр болды.

Ал Қуаныш бұлтартпас деректердің барына қарамай, барынша қарсыласып, бұлталақтап баққанымен:

– Мен оны үлде мен бұлдеге орадым. Алтын-күміске малындырдым. Ол қалағаның бәрін жасадым. Елде жоқ көлік мінгіздім. Коттедж салып бердім. Ол оңбаған менің жасаған жақсылығымды білмеді. Өзінің менің ғана жеке меншігім екенін түсінбеді. Еркін жүргізі келді. Соңында сыбағасын алды, – деп айғайлады тығырлық тірелгенін білген соң.

– Мінеки, сен оған жеке мүлкің ретінде қарадың. Ол жиһаз емес, адам еді, адам деймін. Ал, сені адам деуге аузым бармайды, – деді көп ашулана бермейтін Абылай үстелді тоқлақтап.

– Мені бәрібір қамай алмайсыңдар. Ортаң-ақ бостандыққа шығатын боламын. Осы істеген ісіңе әлі-ақ өкінесің, – деді міз бақпай

– Сен байлығыңа сеніп, қылмысты жасыруға тырыстың. Тіпті, сот-медициналық орталығындағы адамдарды, ішкі істер бөлімінің басшысын парламен сатып алдың. Бірақ сатылмайтын дүниелер де болады. Ол – ар-ұждан, – деді Абылай бұл жолы байсалды түрде.

Сөйтіп, біразға созылған қылмысқа нүкте қойылып, іс сотқа жөнелтілді.

– Отағасы-ау, жұмыс, жұмыс деп әбден діңкелеп болдың. Енді әлгі екі ұлдың алып берген жолдамасымен Анталияға барып, демалып қайталық, – деді әдеттегідей Ұлпан күйеуіне өзімсініп.

– Сәл күте тұр. Тағы да бір кезек күттірмейтін іс болып тұр.

Абылай әйеліне сөйлей жүріп, балдағына сүйеніп, самалдыққа шықты. Қазанның желемігі соғып тұр. Үстіндегі киімін қаусырынып, іштей күбірлеп: «Енді аяқ астынан мезгілсіз еңбек демалысына кеткен Қуандық Бірлікұлының ісімен айналысу керек», – деді Алатауға қарап.

# Дар алдында



жетпейтін қым-қуыт жағдаяттар көп емес пе? – деді Қуандық қылмоиыннан стақанына еселей құйып.

– Жоқ, мұныыз заңға қиғаш, – деді Абылай шорт кесіп.

– Отбасың, бала-шағаң бар. Соларды ойла. Болашағына балта шаппа. Келіссең өзін де жаман болмайсың. Қашанғы қызметтік пәтерде жүре бермексің? – деп Қуандық стақанын көтеріп, тәнтіректен келді де, Абылайдың құлағына сыбырлады.

– Тағы да қайталап айтам, мұныыз біздің мемлекеттің заңына қайшы. Антыңызға адал болыңыз, – деді Абылай түсін суытып, дауысын қатайтып.

– Мемлекет, заң дейсің бе? Ертеңіңді айтпашы. Ол күштілер мен байлардың қолында, – деп қарқылдай күлді.

– Есіңізді жиыңыз. Сіз мені бопсалап тұрсыз ба сонда? Тапқан екенсіз. Мен мұндай құқайдың талайын көргем.

Ашулы Абылай иығындағы Қуандықтың қолын серпіп жібергенде, стақанның құл-талқаны шықты.

– Өмірің мен жұмысыңды ойла, өзіңе қиын болады. Тағы да ойлан, уақыт берем, – деді Қуандық ықылық атып.

сіз дүние аз ба екен? Қайсыбірінің үдесінен шығарсың. Жеке батыр боп не қиратпақ? Жабулы қазан, жабулы қалсын деп, қолды бір сілтесе ше? Дұрысы сол емес пе?..

Ауыр ойға шомған мұның көңілін көрші бөлмеде сабағын пысықтап жатқан қызы Еркеназдың жарқын дауысы аударды.

«Айтсам деген сөзім ең, Дүниеге қарап шындық көзімен. Ар алдында мен өзімді әрдайым, Дар алдында тұрғандай-ақ сезінем!».

Еркеназ тағы да қайталады. Тұп-тұнық, селкеусіз мөлдір үн. Алғаусыз пәк көңіл. «Ар алдында мен өзімді әрдайым, дар алдында тұрғандай-ақ сезінем!». Абылай өлеңге қосылып кеткенін де, аңғармай қалды. Манағы күдік-күмәннің бәрі сейіліп, дереу бір байламға келді. Тіпті жадырап та қалды. «Тәуекел, – деді іштей жұдырығын түйіп.

– Иә, өзімнің емес, бала-шағамның болашағын ойлауым керек!».

Содан былай жанына капитан Жанат Оңласынды алып, Сандуғаш Көкенованың ісін майшаммен қарағандай шұқшия зерттеді. Кәнігі ізкесер тосын мәліметтер жинады. Араға адамдар салып, пара бергендерді тойтарып тастады. Әрбір

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6230 дана**  
**Апталық таралым 12 460 дана**  
Тапсырыс №93 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31